# Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 наурызда № 16689 болып тіркелді.

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабы 8) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес, ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органның ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес, ішкі аудит қызметтерінің ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектурова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Қаржы министрі* — *Б. Сұлтанов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Республикалық бюджеттің

атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің Төрайымы
_____________ Н.Н. Годунова
2018 жылғы 27 наурыз

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 19 наурыздағы
№ 392 бұйрығына
1-қосымша

**Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органның ішкі мемлекеттік және қаржылық бақылауды жүргізу қағидалары**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органның ішкі мемлекеттік және қаржылық бақылауды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органның ішкі мемлекеттік және қаржылық бақылауды жүргізу тәртібін айқындайды.

Ішкі мемлекеттік аудит Заңның 17-бабының 1-тармағымен айқындалған өзара байланысты кезеңдерден тұрады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аудиторлық дәлелдемелер – мемлекеттік аудиторлардың жұмыстағы бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің бар немесе жоқ екенін анықтауына негіз болатын, заңдылығы, анықтығы және қолжетімділігі ескерілген нақты деректер, сондай-ақ аудиторлық есепте жазылған фактілерді растайтын өзге материалдар;

2) аудиторлық рәсімдер – аудит бағдарламасына сәйкес аудиторлық іс-шара барысында жүзеге асырылатын, аудиторлық іс-шара мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет іс-қимылдар;

3) аудиторлық іс-шара – ішкі мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша есептер мен қорытындыларды дайындауға, жүргізуге, ресімдеуге бағытталған іс-қимылдар кешені;

4) аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға – уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің ішкі мемлекеттік аудитті ұйымдастыруды және жүргізуді бақылау жөніндегі міндеттер жүктелген лауазымды тұлғасы;

5) қаржылық есептілік – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектілері) қаржылық жағдайы, қызметінің қаржылық нәтижелері мен қаржылық жағдайының өзгерістері туралы ақпарат, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, оның нысандары мен көлемдерін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды;

6) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдары – мемлекеттік аудит жүргізу үшін қажет құжаттар, сондай-ақ олардың нәтижелері бойынша жасалған құжаттар және қоса берілетін аудиторлық дәлелдемелер;

7) мемлекеттік аудит тобы – аудиторлық іс-шараға екі және одан көп қатысушылар (мемлекеттік аудитор (-лар), мемлекеттік аудитор ассистент (-тер)і, қажет болған кезде тиісті бейін бойынша тартылған сарапшылар);

8) мемлекеттік аудит тобының жетекшісі – ішкі мемлекеттік аудит органының басшысы айқындайтын мемлекеттік аудит тобын басқаратын мемлекеттік аудитор;

9) нұсқама – барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті анықталған бұзушылықтар туралы және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы акт;

10) ішкі мемлекеттік аудит ауқымы – мәселелер тізбесі, ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезеңі мен мерзімі;

11) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары (бұдан әрі– ішкі мемлекеттік аудит органдары) – ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) және оның аумақтық бөлімшелері, орталық мемлекеттік органдардың ішкі аудит қызметтері, орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының (құрылған болса) ішкі аудит қызметтері, штат саны шеңберінде бірінші басшының қалауы бойынша құрылатын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің ведомстволық бағынысты аумақтық органдарының ішкі аудит қызметтері және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ішкі аудит қызметін және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ішкі аудит қызметін қоспағанда, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ішкі аудит қызметтері (бұдан әрі – ішкі аудит қызметтері);

12) ішкі мемлекеттік аудит жүргізу бағдарламасы (аудит бағдарламасы) – ішкі мемлекеттік аудитке жататын мәселелер тізбесін қамтитын әрбір мемлекеттік аудит объектісі бойынша (үстеме тексеруді қоспағанда) жеке жасалатын егжей-тегжейлі әзірленген құжат;

13) ішкі мемлекеттік аудит жүргізу жоспары (бұдан әрі – аудит жоспары) – аудиторлық іс-шараны жүргізу мерзімін, қажетті ресурстарды, ішкі мемлекеттік аудит объектілері мен баратын бағыттарын қоса алғанда, аудитті жоспарлау процесінде туындайтын басым бағыттарды және мәселелерді қамтитын мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеу деректерінің негізінде әзірленген құжат;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14) "е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің " Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі" кіші жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу саласындағы ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органының міндеттерін автоматизациялауға арналған кіші жүйе.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын басқа ұғымдар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде, Заңда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасында айқындалатын мәндерде қолданылады.

4. Қазақстан Республикасының арнайы мемлекеттік органдарында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау Заңың 2 бабының 3 тармағында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

5. Аудиторлық іс-шараларды жүргізу кезінде мемлекеттік аудиторлар, мемлекеттік аудитор ассистенттері, сондай-ақ тартылатын сарапшылар, мемлекеттік органдардың мамандары, аудиторлық ұйымдар (бұдан әрі – сарапшылар) Заңмен белгіленген құзыретке сүйене, осы Қағидаларға және Заңның 8-бабына сәйкес мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарды (бұдан әрі - стандарттар) басшылыққа алады.

6. Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мемлекеттік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және бюджет қаражатын, мемлекет және квазимемлекеттік сектор активтерін пайдаланғаны үшін айқындылықты, тиімділікті, жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

7. Ішкі мемлекеттік аудит, Заңның 18-бабына сәйкес қалыптастырылған тиісті жылға арналған ведомствоның мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі) негізінде жүргізіледі.

Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері жоспардан тыс аудитті Заңның 18-бабының 5-тармағына сәйкес жүргізеді.

Аудиторлық есеп және қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп бойынша жобаларына сапа бақылауын жүргізуді ескере отырып, жоспардан тыс аудит жүргізу мерзімі мемлекеттік электрондық аудитті қоспағанда, кемінде 12 (он екі) жұмыс күнін құрауы тиіс.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген "Камералдық бақылау жүргізу қағидаларына" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 12599 болып тіркелді) сәйкес жіберілген

камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны мемлекеттік аудит объектісі орындағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні өткен соң тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдары бойынша ведомство және оның аумақтық бөлімшелері жоспардан тыс аудитті жүргізеді.

Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жоспардан тыс аудит жүргізу кезінде ау диторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырманы Уәкілетті органның ведомствосымен 1 (бір) жұмыс күнін ішінде келісу жүргізіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 08.08.2022 № 800 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8. Мемлекеттік аудит тобының құрамы аудиторлық іс-шараны жүргізуге қатысатын мемлекеттік аудит тобының жетекшісін, мемлекеттік аудиторларды, ішкі аудит қызметтін мемлекеттік аудиторларды және ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік аудиторларының және ассистенттерін, сондай-ақ қажет болған кезде сарапшыны (сарапшыларды) қамтиды.

Мемлекеттік аудит тобының құрамына қылмыстық қудалауды жүргізетін органның лауазымды адамы, сондай-ақ аудиторлық іс-шараға бастама жасаған жеке және заңды тұлғалар енгізілмейді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 08.08.2022 № 800 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік аудиттің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) қаржылық есептілік аудиті – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық есептілігінің, бухгалтерлік есебінің және қаржылық жай-күйінің анықтығын, негізділігін бағалау;

2) сәйкестік аудиті – мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін сақтауын бағалау, тексеру.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Ішкі мемлекеттік аудит шеңберіндегі тексерулерді ведомство және оның аумақтық бөлімшелері Заңның 17-бабының 4-тармағына сәйкес жүргізеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді талдауды, қорытындылауды және жүйелендіруді жүзеге асырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру

12. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру стандарттарға, 2015 жылғы 28 қарашадағы №10-НҚ Республикалық бюджетің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (бұдан әрі – Есеп комитеті) нормативтік қаулысымен және 2015 жылғы 27 қарашадағы № 590 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бірлескен бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қолданатын тәуекелдерді басқару жүйесіне бірыңғай қағидаттар мен тәсілдеріне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12502 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 597 бұйрығымен бекітілген Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесіне (бұдан әрі – ТБҮЖ) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12490 болып тіркелген), 2015 жылғы 28 қарашадағы № 9-НҚ Есеп комитетінің нормативтік қаулысымен және 2015 жылғы 27 қарашадағы № 589 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бірлескен бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимыл қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12577 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

13. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру мынадай қағидаттарға сәйкес жүйелі тәсілдерге негізделеді:

1) жиынтықтылық (алдыңғы кезеңнен аяқтау рәсімдеріне дейін тізбені қалыптастырудың барлық кезеңдерінің өзара байланысы мен келісімділігін қамтамасыз ету);

2) үздіксіздік;

3) объективтілік.

14. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі мемлекеттік аудит объектісінің атауын , аудит типін, аудиторлық іс-шараның атауын, тексеру түрін, мемлекеттік аудитпен қамту кезеңін, аудит жүргізу мерзімдерін, мемлекеттік аудитпен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердің жоспарланатын көлемін, аудиторлық іс-шара жүргізу үшін жауапты тұлғаны қамтиды.

15. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері Заңның 18-бабының 9-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің тізбелерін және мемлекеттік аудит қамтитын бюджет қаражаты мен активтердің көлемін келіседі, сондай-ақ сыртқы мемлекеттік аудит органдарымен бірлескен, қатар тексерулер жүргізу мәселелерін пысықтайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Заңның 18-бабының 2-тармағына сәйкес тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін ведомствоның басшысы бекітеді.

Ведомствоның мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі әзірленеді және жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейін бекітіледі және олар бекітілген күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде ішкі аудит қызметтеріне жіберіледі.

Ведомствоның мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген тізбесі, сондай-ақ оған өзгерістер олар бекітілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде "Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 наурыздағы № 390-16қ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) сәйкес құпиялық, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпиялық режимін есепке ала отырып, ведомствоның интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Жоғарғы аудиторлық палатаға (келесі - Жоғарғы аудиторлық палата), тексеру комиссияларына, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 16.01.2023 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Ведомствоның мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер енгізу негіздерін растайтын құжаттар (материалдар) болған кезде, мемлекеттік аудит объектілерін алып тастау бөлігінде оларға өзгерістер енгізуге жол беріледі.

Белгілі бір аудиторлық іс-шараны мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінен алып тастаған кезде, ведомствоның аумақтық бөлімшесінің аудиторлық іс-шарасын жүргізуге жауапты тұлға аумақтық бөлімшесінің басшысына, ал ведомствоның

аудиторлық іс-шарасын жүргізуге жауапты тұлға – ведомствоның басшысына тиісті негіздемесімен қызметтік жазбаны енгізеді. Қызметтік жазбаны қарағаннан кейін аумақтық бөлімше екі жұмыс күні ішінде ведомствоға негіздемесі бар хат жолдайды.

Ведомствоның аудиторлық іс-шарасын жүргізуге жауапты тұлғаның қызметтік жазбасын немесе аумақтық бөлімшенің хатын қарау қорытындылары бойынша ведомствоның басшысы екі жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінен аудиторлық іс-шараны алып тастау туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген тізбесінің орындалуына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері Жоғарғы аудиторлық палатаның және тексеру комиссияларының мемлекеттік аудит объектілері тізбелерінің өзгерістеріне тоқсан сайынғы негізде мониторинг жүргізеді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 16.01.2023 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша ведомство және оның аумақтық бөлімшелерінің бірінші басшысына мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін орындау туралы ақпарат беріледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Жекелеген ішкі мемлекеттік аудитті жоспарлау тәртібі және оны жүргізу

### 1-параграф. Аудиторлық іс-шара кезеңдері

22. Аудиторлық іс-шараны ұйымдастыру әрқайсысы белгілі бір міндеттердің орындалуымен сипатталатын мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) дайындық;

2) негізгі;

3) қорытынды.

23. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізудің дайындық кезеңі мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу, аудит жоспарын және бағдарламасын, аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырманы (бұдан әрі – аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырма), аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге арналған тапсырманы (Тексеруді тағайындау туралы акт) (бұдан әрі – аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырманы), тексеруді тағайындау туралы актісі болып табылады.

Жекелеген мемлекеттік аудитті жоспарлау кезінде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 110-бабына сәйкес жүргізілетін ағымдағы бақылау нәтижелері ескеріледі.

Ішкі мемлекеттік аудит жүргізудің негізгі кезеңі аудиторлық іс-шараны жүргізу болып табылады.

Ішкі мемлекеттік аудит жүргізудің қорытынды кезеңі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша шешім қабылдау және құжаттарды жасау болып табылады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-параграф. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу**

24. Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу аудиторлық іс-шарамен қамтылатын қаражат пен активтердің көлемін, мемлекеттік аудит жүргізу мерзімін нақтылау, мемлекеттік аудит мәселелерін айқындау үшін жүргізіледі.

25. Аудит түріне және аудиторлық іс-шара мақсаттарына қарай мемлекеттік аудит объектісінің қызметі туралы ақпаратты талдау және бағалау негізінде алдын ала бағалау барысында мынадай көрсеткіштер ескеріледі:

1) тәуекелдердің болуы және дәрежесі – тексерілетін салада және (немесе) мемлекеттік аудит объектісінің қызметінде бюджет қаражатын және активтерді қалыптастыру мен пайдалану кезінде мемлекеттік органның өз мақсаттарына қол жеткізуіне әсер ететін қандай да бір факторларды (әрекеттерді немесе оқиғаларды) айқындау және болуын растау;

2) мемлекеттік аудит объектісін тиімді басқаруға қол жеткізу үшін мемлекеттік аудит объектісінің басшысы қабылдайтын шаралар мен рәсімдер жүйесінің (ішкі бақылау жүйесі) мемлекеттік аудит объектісінде болуы және оның ахуалы – Заңда көзделген ішкі бақылау жүйесін және оның құрауыштарын ұйымдастыру тиімділігін алдын ала талдауды және оның дәрежесін бағалауды жүргізу, оның нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесінің қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ету жүйесінің қабілеті айқындалады;

3) мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер.

26. Мәнділік және аудиторлық тәуекел көрсеткіштерінің есебі стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

27-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Жиналатын ақпарат мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін нормативтік құқықтық реттеу, оның ұйымдық құрылымы, мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері, олардың есептілік тетіктері және ішкі бақылаудың бар жүйелері, бар тәуекелдер және ішкі мемлекеттік аудит мақсаттары үшін қажет өзге мәселелер жөніндегі деректерді қамтиды.

Ақпарат көздері:

1) алдыңғы, оның ішінде басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары тексерулерінің нәтижелері мен материалдары;

2) бюджет процесіне қатысушылар есептерінің материалдары;

3) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйелерінің деректері ;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары үйлестіру кеңесі отырыстарының материалдары;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және өзге атқарушы билік органдары отырыстарының материалдары;

6) Қазақстан Республикасының өкілді және атқарушы билік органдарының өтініштері;

7) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өтініштері;

8) бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары;

9) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

10) ақша қаражат қозғалысы туралы деректер;

11) Қазақстан Республикасының сот органдарының электрондық сервисінен ақпарат ;

12) өзге көздер болуы мүмкін.

28. Мемлекеттік аудит тобы аудиторлық іс-шараға дайындық кезеңінде:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында ведомство және оның аумақтық бөлімшелері зерделейтін болжамды мәселелер тізбесіне сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу үшін ақпарат көздерін талдауды жүргізеді;

2) қолжетімді көздерден, Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқордан ақпарат жинақтауды жүзеге асырады және мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеу үшін қосымша мәліметтер, ақпараттар, құжаттар ( материалдар) сұратады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2019 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс

енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 (06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Осы Қағидалардың 25, 26 және 27-тармақтарында көрсетілген, мемлекеттік аудит объектісінің бюджет қаражатын және активтерді қалыптастыруын және пайдалануын сипаттайтын ақпараттар мен көрсеткіштердің жиынтығын талдау және бағалау нәтижелері бойынша ведомство және оның аумақтық бөлімшелері:

1) аудиторлық іс-шара барысында қамтуға жататын мәселелерді мемлекеттік аудиторлар арасында, бірлескен және қатар тексеру жүргізген жағдайда – мемлекеттік органдар мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары арасында бөледі;

2) үстеме тексеру объектілерін айқындайды;

3) мемлекеттік аудит жүргізуге тартылатын сарапшыларды және оларға тапсыру үшін жоспарланатын мемлекеттік аудиттің нақты мәселелерін айқындайды;

4) режимдік объектілерде мемлекеттік аудит жүргізген жағдайда рұқсаттар алу мәселелерін пысықтайды.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-1. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпарат Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Ескерту. Қағида 29-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 3-параграф. Аудит жоспарын және бағдарламасын, аудиторлық тапсырма мен нұсқауларды жасау

30. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу негізінде ведомство және оның аумақтық бөлімшелері аудит объектісінде аудиторлық іс-шараны жүргізіп бастағанға дейін аудит жоспары мен бағдарламасы, аудиторлық іс-шара жүргізуге аудиторлық нұсқаулар мен тапсырма жасалады.

Екі және одан көп мемлекеттік аудит объектілері аудиторлық іс-шарамен қамтылуға жататын болған жағдайда мемлекеттік аудит тобының жетекшісі аудит жоспарын осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды және аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғамен бекітіледі.

Аудит бағдарламасын ішкі мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды және оны аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға бекітеді.

Аудиторлық тапсырма аудиторлық іс-шараны екі және одан да көп қатысушы жүргізген жағдайда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады, оған мемлекеттік аудит тобының барлық мүшелері қол қояды және оны мемлекеттік аудит тобының жетекшісі бекітеді.

Аудиторлық іс-шара (үстеме, бірлескен, қатар тексерулер) жүргізуге нұсқау аудиторлық іс-шара, үстеме, бірлескен, қатар тексерулер жүргізуге құқық беретін ресми құжат болып табылады және қатаң есептілік бланкісінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Аудиторлық іс-шара жүргізуге нұсқауды мемлекеттік аудитор немесе мемлекеттік аудит тобының жетекшісі жасайды, аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғамен келісіледі және ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің басшысы қол қояды.

Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғалар аудиторлық іс-шараға шыққанға дейін (негізгі кезең) мемлекеттік аудит тобының қатысушыларымен техникалық оқыту (нұсқамалық) жүргізеді.

32. Аудит бағдарламасы мемлекеттік аудит көрсеткіштерін және әрбір көрсеткішке аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерулер) егжей-тегжейлі мәселелерін қамтиды.

Аудит бағдарламасы қисынды, түсінікті болып табылады, сондай-ақ аудиторлық іс-шараның қойылған мақсаттарына қол жеткізуге бағытталады.

Қаржылық есептілік аудитінің бағдарламасы елеулілік және аудиторлық тәуекел есептеуінің негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 272 бұйрығымен бекітілген "Қаржылық есептілік аудиті" рәсімдік стандартында көзделген тәртіпте жасалады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15209 болып тіркелген).

33. Сәйкестік аудиттің бағдарламасын жасау кезінде мемлекеттік аудит объектісінің қызметін реттейтін және регламенттейтін мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, нормативтік құқықтық актілердің, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерінің ережелерін сақтау мәселелері көрсетіледі.

34. Қаржылық есептілік аудитінің бағдарламасын жасау кезінде ведомство және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау толықтығы мен дұрыстығы мәселелерін енгізеді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Аудиторлық тапсырмада аудиторлық іс-шара барысында қамтуға жататын нақты бағдарламалық мәселелер, әрбір мемлекеттік аудит объектісінде аудит тобының қатысушылары арасында бөлінетін оларды қарау мерзімдері қамтылады.

36. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері аудиторлық іс-шара жүргізуге нұсқаулар бойынша жеке тіркеу журналын жүргізеді, онда нұсқаудың нөмірі мен тіркелген күні, аудит объектісінің атауы, аудит түрі, аудит тобы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), оның ішінде Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі (бұдан әрі – ЭҚАБЖ) арқылы көрсетіледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері аудиторлық іс-шара жүргізуге нұсқауды құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының "Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 162 бұйрығымен бекітілген Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларында ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21964 болып тіркелген) көзделген тәртіпте тіркейді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**4-параграф. Аудиторлық іс-шараны жүргізу**

38. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге нұсқау аудиторлық іс-шараны жүргізу үшін негіз болып табылады.

39. Мемлекеттік аудиттің әрбір объектісіне аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған жеке нұсқау ресімделеді.

Аудиторлық іс-шараны жүргізуді бастамастан бұрын мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе оны алмастыратын тұлғаға:

1) аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге арналған тапсырма;

2) ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге уәкілетті лауазымды адамдардың қызметтік куәліктері;

3) Нұсқаулықпен белгіленген тәртіппен режимді объектілерге баруға құзыретті органның рұқсаты ұсынылады.

40. Аудиторлық іс-шараны аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырмада көрсетілген тұлғалар ғана жүзеге асырады.

41. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе лауазымды тұлғасына аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырманы ұсынған күн аудиторлық іс-шараны жүргізудің басталуы болып табылады.

42. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе аудиторлық іс-шара оған айтылып жүзеге асырылатын лауазымды адамға аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған нұсқау берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысан бойынша мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор қол қойған мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпараттарды, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап тапсырылады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары мемлекеттік аудит объектісіне кіргізуден бас тартқан және (немесе) аудиторлық іс-шараны жүргізуге кедергі келтірген жағдайларда мемлекеттік аудитор осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтірген фактісі бойынша акті және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБК) 462-бабы негізде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды.

44. Осы Қағидалардың 43-тармағында көзделген жағдайда мемлекеттік аудит тобының жетекшісі электрондық пошта (факс), пошта байланысы арқылы жазбаша және (немесе) қолма-қол осы фактілер туралы оларды жою бойынша шаралар қабылдайтын аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаны хабардар етеді.

45. Мемлекеттік аудит объектісі мемлекеттік аудитті жүргізуге кедергі келтіретін жағдайларды жоймаған кезде аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға ведомство мен оның аумақтық бөлімшелерінің бірінші басшысына мемлекеттік аудитті жүргізуге кедергі келтіретін себептерді толық жойғанға дейін аудиторлық іс-шараны тоқтата тұру туралы қолдаухат дайындайды.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Аудиторлық іс-шараны тоқтата тұру, қайта жаңарту, ішкі мемлекеттік аудит ауқымын, мемлекеттік аудит тобының қатысушыларын (құрамын) өзгерту туралы шешімді ведомство және оның аумақтық бөлімшелерінің басшысы қабылдайды және мемлекеттік аудит объектісі мен құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органды бір мезгілде хабардар ете отырып, ол тиісті бұйрықпен ресімделеді.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Мемлекеттік аудиторлар мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық стендіне мемлекеттік аудит объектісінде ведомство және оның аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің аудиторлық іс-шараны жүргізіп жатқаны туралы ақпаратты орналастырады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Егер мемлекеттік аудит объектісінде ведомство және оның аумақтық бөлімшелерінің аудиторлық іс-шарасымен мақсаты, нысанасы және аудиторлық іс-шарамен қамтылатын кезең бойынша сәйкес келетін басқа мемлекеттік аудит органының мемлекеттік аудит жүргізу фактісі анықталса, онда мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит нәтижелерін тану рәсімін Заңның 19-бабының талаптарына және мемлекеттік аудит нәтижелерін тану жөнінде Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің " Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы" 2016 жылғы 31 наурыздағы №5-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13647 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Аудиторлық іс-шара барысында аудит бағдарламасымен қамтылмаған, бірақ аудиторлық іс-шара нысанасын толық зерделеу үшін қажетті мәселелер туындаған кезде мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит тобының жетекшісімен келісу бойынша аудит бағдарламасына енгізілетін өзгерістер жобасының негіздемесі бар қызметтік жазбаны (бұдан әрі – қызметтік жазба) қалыптастырады және оны аудиторлық іс-шара жүргізуге жауапты тұлғаға жібереді.

Аудит бағдарламасында көзделмеген мәселелер бойынша аудиторлық іс-шараны жүргізудің орындылығы танылған кезінде, аудиторлық іс-шараны өткізуге жауапты тұлғаның өзгертулердің негіздемесі 1 (бір) жұмыс күн ішінде мемлекеттік аудит және

қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес қорытындысы болған жағдайда бекітіледі немесе мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкессіздік туралы сапаны бақылау қорытындысы болған жағдайда қабылданбайды.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 08.08.2022 № 800 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімін ұзарту қажет болған кезде, жүргізу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні қалғанда құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарды хабардар ете отырып, аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаның жазбаша қолдаухаты бойынша ведомство және оның аумақтық бөлімшелері басшысы мерзімді ұзартуы мүмкін.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында аудит жоспарына, аудит бағдарламасы мен аудиторлық тапсырмаға өзгерістер енгізу:

аудит жоспары мен бағдарламасына – аудиторлық іс-шараны (қаржылық есеп аудитінен басқа) жүргізу барысында 2 (екі) реттен асырмай өзгерістер енгізу негіздемелерін көрсете отырып, аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаның атына мемлекеттік аудит тобы басшысының қызметтік жазбахаты негізінде;

аудиторлық тапсырмаға – аудит жоспары мен аудит бағдарламасына өзгерістер енгізілген кезде мемлекеттік аудит тобы басшысының атына мемлекеттік аудитордың қызметтік жазбахаты негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 08.08.2022 № 800 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Аудиторлық іс-шараны жүргізу кезінде қойылған мақсатқа, нысанасы мен аудиторлық іс-шара мәселелеріне сәйкес аудиторлық дәлелдемелерді қалыптастыру үшін қажетті іс жүзіндегі деректерді жинау, талдау жүргізіледі.

Іс жүзіндегі деректерді жинау мынадай тәсілдермен жүргізіледі:

1) бір рет;

2) белгілі бір уақыт аралығындағы үздіксіз процесс арқылы;

3) аудиторлық іс-шараны жүргізудің бүкіл мерзімі ішінде.

Аудиторлық іс-шара жүргізу барысында жиналған аудиторлық дәлелдемелер мемлекеттік аудит объектісінде анықталған бұзушылықтарын және кемшіліктерін негіздеуі тиіс. Жиналған аудиторлық дәлелдемелер негізінде аудиторлық іс-шара нәтижесі бойынша аудиторлық қорытындыда тұжырымдар мен ұсынымдар қалыптастырылады.

53. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырмаға сәйкес жүргізілетін мемлекеттік аудит барысында мемлекеттік аудитор (лар), мемлекеттік аудитордың ассистенттері және тартылатын сарапшылар, тиісті бейін бойынша мамандар мемлекеттік аудит объектісінің басшысы уәкілеттік берген адаммен бірлесіп, іс жүзінде тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету тұрғысынан аудиторлық дәлелдемелер жинау және (немесе) олардың шынайылығын растау үшін бақылау өлшемін тексеруді қарап (бұдан әрі – бақылау өлшемі (қарап тексеру) жүргізеді. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өнім берушісінің ( мердігердің құрылыс-монтаж жұмыстары, авторлық қадағалау және техникалық қадағалау бойынша) бақылау өлшемінде (қарап тексеруге) қатысуы қажет болған жағдайда оның қатысуын мемлекеттік аудит объектісінің басшысы немесе оның міндеттерін атқарушы тұлға қамтамасыз етеді.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Бақылау өлшемі (қарап тексеру) қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада күні, орны, мақсаты, нәтижелері мен оны жүргізуге қатысқан тұлғаларды көрсете отырып, оған аяқталу күніне қарай қол қойылады. Қол қойылған актінің бір данасы мемлекеттік аудиторда қалады, ал екінші дана мемлекеттік аудит объектісіне беріледі. Бақылау өлшемі (қарап тексеру) нәтижелерін мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит объектісінде жасалатын аудиторлық есепте немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепте міндетті түрде көрсетеді.

55. Бақылау өлшемін (қарап тексеру) жүргізуге қатысқан тұлғалар оның актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда мемлекеттік аудитор бақылау өлшемі (қарап тексеру) актісінде қол қоюдан бас тарту туралы белгі қояды. Жүргізілген бақылау өлшемін растайтын нәтижелерге тиісті негіздемелер (аудиторлық дәлелдемелер) болған кезде бақылау өлшемі (қарап тексеру) актісіне қол қоюдан бас тарту өлшем (қарап тексеру) нәтижелерін аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке енгізбеу үшін негіз болып табылмайды.

56. Мемлекеттік аудиторлар және мемлекеттік аудиторлардың ассистенттері мемлекеттік аудит тобының жетекшісіне күн сайын ауызша есеп береді. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудит тобының жұмысын үйлестіреді, аудиторлық іс-шара мәселелерінің толық қамтылуына мониторинг жүргізеді, аудиторлық іс-шараның жекелеген бағыттарын үйлестіреді, мемлекеттік аудит тобында туындайтын проблемалық мәселелерді шешеді.

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі, мемлекеттік аудитор және мемлекеттік аудитордың ассистенті апта сайын аптаның соңғы жұмыс күні, аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаға есепті күні толтырылған (жасалған) осы Қағидаларға 11-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудит бағдарламасының орындалу барысы туралы апта сайынғы жиынтық есепті жібереді.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудиторлардың, аудитор іс-шарасына қатысқан сарапшылар мен ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік аудиторларының ассистенттерінің қызметтік міндеттемелерін орындамау жағдайлары және мемлекеттік аудитті жүргізу барысындағы атқарушылық, еңбек тәртібін бұзушылық, Республикалық бюджетің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің "Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 30 қарашадағы №18-НҚ бірлескен нормативтік қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 601 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12575 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларын сақтамау фактілері туралы аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаны жазбаша түрде хабардар етеді.

Аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға өз кезегінде ведомство және оның аумақтық бөлімшелерінің басшысына тәртіптік сипаттағы шараларды қабылдау үшін көрсетілген фактілер туралы жазбаша түрде хабарлайды.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Режимді мекемелерде аудиторлық іс-шараларды жүргізуге байланысты құпия материалдарды зерделеу мен талдау Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

**5-параграф. Аудиторлық іс шараларды жүргізуге сарапшыларды тарту**

59. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері өкілеттіктері шегінде өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында тиісті сарапшыларды мемлекеттік аудит тобының құрамына енгізу арқылы тартады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Сапалы аудиторлық іс-шараны қамтамасыз ету және арнайы білімді талап ететін мемлекеттік аудит мәселелері бойынша тәуелсіз сараптама қорытындыларымен мемлекеттік аудит нәтижелерін растау сарапшыларды тартудың мақсаты болып табылады.

61. Сарапшыларды тарту қажеттілігі мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру кезінде айқындалады.

62. Тиісті шарттар жасасу арқылы сарапшылардың қызметтерін сатып алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы мен мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

**5-1-параграф. Ішкі аудит қызметінің мемлекеттік аудиторын қаржылық есептілік аудитін жүргізуге тарту**

Ескерту. 3-тарау 5-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 (06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62-1. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері Заңның 14-бабының 1-1) тармақшасына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық есептілігіне, оның ішінде мемлекеттік мекемелердің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне жыл сайын аудит жүргізуге қатысу үшін оларды мемлекеттік аудит тобының құрамына енгізу арқылы орталық мемлекеттік органның бірінші басшысының, облыс, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімінің келісімі бойынша ішкі аудит қызметтерінің мемлкеттік аудиторларын тартады.

62-2. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері қаржылық есептілікке ішкі мемлекеттік аудит жүргізу басталғанына дейін 10 (он) жұмыс күн бұрын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға аудит жүргізу мерзімін көрсете отырып, оны мемлекеттік аудит тобына енгізу үшін аудит қызметі мемлекеттік аудиторының кандидатурасын ұсыну туралы сұрау салу жібереді.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар ішкі аудит қызметінің мемлекеттік аудиторының кандидатурасын ведомствоға және оның аумақтық бөлімшелеріне 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Ескерту. 62-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62-3. Ішкі аудит қызметтерінің мемлекеттік аудиторларының қатысуымен мемлекеттік аудит топтарын қалыптастыру алдын ала зерделеу аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

Аудиторлық іс-шараны жүргізуге нұсқау ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің қатаң есептілік бланкісінде ресімделеді.

**6-параграф. Үстеме тексеруді жүзеге асыру**

63. Мемлекеттік аудиттің негізгі объектілері қызметін алдын ала зерделеу барысында аудиттің жоспары мен бағдарламасына енгізілетін үстеме тексерудің ықтимал объектілері айқындалады. Егер аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында үстеме тексеру жүргізу үшін негіз пайда болса, онда аудиторлық тапсырмаларға аудит жоспары мен бағдарламасына өзгерістер енгізілмей, тиісті толықтырулар енгізіледі.

64. Үстеме тексеру жүргізу үшін мемлекеттік аудиттің әрбір объектісіне жеке тапсырма ресімделеді.

65. Үстеме тексеру нәтижелері осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үстеме тексеру актісі түрінде түрінде ресімделеді. Үстеме тексеру жүргізген мемлекеттік аудиторға, мемлекеттік аудит объектісінің басшысына (лауазымды адамына) таныстыру үшін үстеме тексеру аяқталған күні екі данада үстеме тексеру актісі ұсынылады. Мемлекеттік аудит объектісі басшылығын үстеме тексеру актісімен таныстыру және оған қол қою ол аяқталған күні жүргізіледі.

66. Мемлекеттік аудитор үстеме тексеру жүргізілген жағдайда оның нәтижелерін міндетті түрде мемлекеттік аудиттің негізгі объектісінде жасалатын аудиторлық есепте немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепте көрсетеді.

**7-параграф. Бірлескен тексеруді жүзеге асыру**

67. Бірлескен тексеру іс-шаралары осы Қағидалардың 2-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасын ведомство және оның аумақтық бөлімшелері қалыптастыруы кезеңінде көзделеді.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Бірлескен тексеру жүргізу басқа мемлекеттік аудит органдарымен және (немесе) мемлекеттік органдармен тексерудің дербес түрі ретінде не өткізілетін бірлескен аудиторлық іс-шара шеңберінде мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген тізбесі негізінде келісілген мерзімде бір мезгілде жүзеге асырылады.

69. Бірлескен тексеру жүргізуге дайындық мемлекеттік аудит объектілері тізбесінде көзделген мерзімдерге сәйкес жүргізіледі.

70. Алдын ала зерделеу қорытындысы бойынша бірлескен тексеру жоспарының, бағдарламасының және аудиторлық тапсырмалардың жобалары жасалады. Бірлескен тексеру бағдарламасының әзірленген жобасын бірлескен тексеру жүргізуге қатысатын мемлекеттік орган жібереді. Мемлекеттік аудит органдары мен бірлескен тексеру жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдар аудиторлық іс-шара басталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын бірлескен тексеру бағдарламасының жобасын келіседі.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Мемлекеттік аудит объектілері бойынша бірлескен тексеру бағдарламасында: мемлекеттік аудит объектісінің атауы, тексеру нысанасы мен түрі, мемлекеттік аудиттің түрі, тексеру қамтитын кезең, тексеру жүргізу мерзімі, бірлескен тексеру тобының құрамы, тексеру қамтитын қаражаттар мен активтер көлемі, тексеру мәселелері мен оларды қараудың бірізділігі көрсетіледі.

Бірлескен тексеру бағдарламасы мемлекеттік аудит органдарының немесе бірлескен тексеру қатысушылары мемлекеттік органдардың жауапты лауазымды адамдарымен ( электрондық немесе жазбаша хат алмасу арқылы) келісіледі.

72. Тексеру жүргізуге арналған тапсырманы әрбір мемлекеттік орган өз бетінше ресімдейді.

73. Қызметкерлерді іссапарға жіберу, сондай-ақ іссапар шығыстарын төлеуді әрбір мемлекеттік орган өз бетінше жүргізеді.

74. Бірлескен тексеруді сапалы жүргізу мақсатында тексеру жүргізу үшін жауапты мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, мемлекеттік аудиттің бірлескен тобына қатысушылар мынадай:

1) бірлескен тексеруді жүзеге асыру барысында пайда болған мәселелерді талқылай отырып, жұмыс отырыстары;

2) консультациялар;

3) әдістемелік және талдамалық құжаттар, ақпарат алмасу түріндегі өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

75. Мемлекеттік аудиторлар мен бірлескен тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметкерлері бірлескен тексеру жүргізу қорытындылары бойынша мемлекеттік аудит объектілерінде аудиторлық есепті немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепті жасайды және оған қол қояды.

76. Мемлекеттік аудит объектісінде бірыңғай топ бірлескен тексеру жүргізген кезде аудиторлық есеп немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп үш данада ресімделеді, оның бір данасы мемлекеттік аудит объектісіне беріледі.

77. Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке жазбаша қарсылықты бірлескен тексеру жүргізуге жауапты мемлекеттік орган қарайды. Тексеру объектісіне жауапты қол қойылған аудиторлық есеп немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша қарсылық келіп түскен мемлекеттік орган жібереді.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**8-параграф. Қатар тексеруді жүзеге асыру**

78. Мемлекеттік аудит органдарының басқа мемлекеттік органдармен қатар тексеру жүргізуі әрбір мемлекеттік орган дербес бекіткен мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі негізінде келісілген мәселелер мен жүргізу мерзімдері бойынша жүзеге асырылады.

79. Қатар тексеру жүргізуге дайындық мемлекеттік аудит объектілері тізбесінде көзделген мерзімдерге сәйкес жүргізіледі.

80. Мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеу мақсатында дайындық кезеңінде мемлекеттік аудит тобының жетекшісі және қатысушылары ақпарат жинауды және мемлекеттік аудит объектілеріне жетпейтін ақпаратты ұсынуға арналған сұрау салуды жібереді.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2019 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Мемлекеттік аудит органдары қатар тексеруге қатысқан мемлекеттік органдармен бірлесіп алдын ала зерделеу қорытындысы бойынша қатар тексеру жоспарының жобасын жасайды. Қатар тексеру мен аудиторлық тапсырма бағдарламалары қатар тексеру жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдарға жіберіледі. Мемлекеттік органдар бойынша тексерілетін мәселелер тізбесін бөлу тексеру басталғанға дейінгі кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын жүзеге асырылады.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Қатар тексеру жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдар мәселелер тізбесі, мемлекеттік аудит объектілері негізінде жоспар мен бағдарлама жобаларын әзірлейді, бұл ретте аудиторлық іс-шара басталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын қатар тексеру жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдарға келісу үшін жіберілетін тексерудің қосымша мәселелерін қоса отырып, негізгі тексерілетін тізбені кеңейтуге жол беріледі.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Қатар тексеру жоспарын, бағдарламасын және аудиторлық тапсырмаларды әр тарап өз бетінше (тексеру объектілерінің, бюджеттік бағдарламалар мен активтердің атауын, тексеру мәселелерін көрсете отырып) қатар тексеру басталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күні бұрын бекітеді.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Қатар тексеру жүргізу үшін негіз болып табылатын құжаттарды әрбір мемлекеттік орган өз бетінше ресімдейді.

85. Қатар тексеру әрбір тараптың мемлекеттік аудиттің жекелеген тобын қалыптастыру арқылы оны өткізу мерзімдерін келісе отырып жүргізіледі.

86. Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты лауазымды адамдар, қатар тексеру тобының қатысушылары:

1) қатар тексеру жүргізу барысында туындайтын мәселелерді талқылай отырып, жұмыс кеңестерін;

2) консультацияларды;

3) әдістемелік және талдамалық құжат алмасуды жүргізеді.

87. Мемлекеттік аудит топтарының басшылары қатар тексеру жүргізу барысы ( тексеру мәселелерінің толық қамтылуы, туындаған проблемалар) мен тексерудің алдан ала нәтижелері туралы ақпарат алмасады.

88. Аудиторлық есепке немесес қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке жазбаша қарсылықты тексеру жүргізген мемлекеттік орган қарайды. Тексеру объектісіне жауапты қол қойылған аудиторлық есеп немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша қарсылық келіп түскен мемлекеттік орган жібереді.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Мемлекеттік аудит органдары және (немесе) мемлекеттік органдар ЭҚАБЖ және пошта арқылы қағаз түрінде, сондай-ақ Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бойынша бірыңғай дерекқорға тиісті ақпаратты орналастыру арқылы қатар тексеру қорытындысы бойынша нұсқамалар тармақтарының іске асырылу барысы туралы бірін бірі хабардар етеді.

## 4-тарау. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша шешім қабылдау және құжаттарды жасау тәртібі

### 1-параграф. Аудиторлық есептерді жасау және ресімдеу

90. Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша:

1) қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп – мемлекеттік аудитті тікелей жүргізген мемлекеттік аудиторлар жасаған, қаржылық есептіліктің анықтығы, сондай-ақ бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы жазбаша нысанда білдірілген пікірді қамтитын құжат;

2) аудиторлық есеп – мемлекеттік аудитті тікелей жүргізген мемлекеттік аудиторлар жасаған, белгілі бір уақыт кезеңі үшін жүргізілген сәйкестік аудитінің нәтижелерін қамтитын құжат ресімделеді.

91. Мемлекеттік қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша Заңның 23-бабына сәйкес құжаттар және шешімдер қабылданады.

92. Мемлекеттік аудит жүргізілген мемлекеттік аудит объектілерінің әрқайсысы бойынша аудиторлық іс-шара нәтижелері аудиторлық есеппен немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеппен ресімделеді.

Аудиторлық есепке:

1) ішкі мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды ( материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап;

2) ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізілімі;

3) анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер фактілерін растайтын құжаттардың, анықтамалардың, кестелердің, фотосуреттердің түпнұсқалары немесе тиісінше куәландырылған көшірмелері;

4) функционалдық және лауазымдық міндеттері негізінде жіберілген бұзушылықтарға қатысы бар тұлғалардың жазбаша түсініктемелері (қажет болғанда);

5) бақылау өлшемдері мен қарап тексеру актілері (олар жасалған жағдайда);

6) зерттеулердің (сынақтардың және тағы басқалар), сараптамалардың қорытындылары, хаттамалардың көшірмелері, ішкі мемлекеттік аудит нәтижелерімен байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар жасалған жағдайда);

7) мемлекеттік органдар мамандарының, сарапшылардың (олар тартылған жағдайда ) сараптамалық қорытындылары;

8) ішкі мемлекеттік аудитке ұшыраған құжаттар тізбесі, олардың деректемелері және аудиторлық іріктеудің негіздемесі көрсетіле отырып, олардың негізінде қалыптастырылған қорытындылар;

9) және басқа да құжаттар қоса беріледі.

Қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке:

1) ішкі мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды ( материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап;

2) стандарттарында көзделген қосымшалар;

3) ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізілімі;

4) анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер фактілерін растайтын құжаттардың, анықтамалардың, кестелердің, фотосуреттердің түпнұсқалары немесе тиісінше куәландырылған көшірмелері;

5) функционалдық және лауазымдық міндеттері негізінде жіберілген бұзушылықтарға қатысы бар тұлғалардың жазбаша түсініктемелері (қажет болғанда);

6) бақылау өлшемдері мен қарап тексеру актілері (олар жасалған жағдайда);

7) зерттеулердің (сынақтардың және тағы басқалар), сараптамалардың қорытындылары, хаттамалардың көшірмелері, ішкі мемлекеттік аудит нәтижелерімен байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар жасалған жағдайда);

8) сарапшылардың (олар тартылған жағдайда) сараптамалық қорытындылары;

9) ішкі мемлекеттік аудитке ұшыраған құжаттар тізбесі, олардың деректемелері және аудиторлық іріктеудің негіздемесі көрсетіле отырып, олардың негізінде қалыптастырылған қорытындылар;

10) басқа да құжаттар қоса беріледі.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2019 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. Аудиторлық есептің немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептің құрылымы аудит бағдарламасында және аудиторлық тапсырмасында көрсетілген барлық мәселелердің толық көрініс табуын, дұрыстығын, онда жазылған мәліметтердің объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс.

94. Анықталған жетіспеушіліктер мен бұзушылықтар аудиторлық есептегі жазулардың дұрыстығын растайтын құжаттардың түпнұсқаларының деректемелеріне, сондай-ақ ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына қажетті сілтемелерді көрсете отырып, объективті және дәл сипатталады.

Егер аудит бағдарламасының мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған болса, аудиторлық есепте немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепте: "Бағдарлама мәселесі (атауы) тексерілді. Бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған жоқ." деген жазба жасалады және ішкі мемлекеттік аудитке ұшыраған, солардың негізінде осы тұжырымдар жасалған құжаттардың деректемелері тізбеленеді.

95. Әрбір бұзушылық фактісі, сондай-ақ анықталған жетіспеушіліктер бұзушылықтың сипаты мен түрі құқықтық нормативті актінің бабына, тармағына, тармақшасына сілтемесімен сипаттала отырып, дәйекті тәртіппен нөмірленеді және тіркеледі. Бұзушылық сипаттамасында бұзушылықтарды растаушы құжаттарға сілтеме жасалады.

96. Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке олардың ажырамас бөлігі болып табылатын аудиторлық дәлелдемелер қоса беріледі.

Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері белгіленген тәртіппен, уәкілетті лауазымды адамдардың қол қоюымен, мөрімен немесе (болған жағдайда) мемлекеттік аудит объектісінің мөртаңбасымен расталады. Аудиторлық есепте немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепте олардың реттік нөмірі, парақ саны көрсетіле отырып, қосымшаларына сілтемелер көрсетіледі.

97. Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке тиісті аудиторлық дәлелдемелермен және (немесе) өзге де құжаттармен және ақпаратпен расталмаған фактілерді, тұжырымдарды енгізуге жол берілмейді.

98. Аудиторлық есепте немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепте жазылған бұзушылықтарды растайтын құжаттардың және (немесе) өзге де ақпараттың болмауы стандарттарын бұзу болып табылады.

99. Аудиторлық есеп немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп екі данада жасалады және танысу үшін мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе оның орнындағы тұлғаға:

1) жүргізу мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнін құрайтын аудиторлық іс-шаралар бойынша – мемлекеттік аудит объектісіндегі аудиторлық іс-шара аяқталғанша кемінде 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей (үстеме тексерулердің аудиторлық есептерін, бақылау өлшемдерінің (қарап тексерулерінің) актісін қоспағанда);

2) мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнінен асатын аудиторлық іс-шара жүргізілген жағдайда – мемлекеттік аудит объектісіндегі аудиторлық іс-шара аяқталғанша кемінде 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

100. Аудиторлық есептің немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептің барлық беттеріне мемлекеттік аудиторлар және мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамы қол қояды.

101. Аудиторлық есеп немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке ассистентті қоспағанда, мемлекеттік аудит тобының барлық мүшелері, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шара аяқталған күннен кешіктірмей мемлекеттік аудит объектісінің басшысы немесе оның орнындағы тұлға қол қояды.

Аудиторлық іс-шара нәтижелерімен келіспеген кезде аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке мемлекеттік аудит объектісінің басшысы қарсылықтардың бар екені туралы ескертпемен қол қояды.

Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке мемлекеттік аудит объектісі қарсылықты уәкілетті органның жанындағы апелляциялық комиссияға қол қойылған аудиторлық есеп немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде осы Қағидаларға 12-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жіберіледі.

Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2019 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

101-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101-1. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы аудиторлық есепті алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудиттің аудиторлық іс-шаралары мүдделеріне әсер еткен кәсіпкерлік субъектілері мен өзге де тұлғаларды ақпараттық жүйелер және/немесе электрондық пошта, сондай-ақ пошта байланысы арқылы жазбаша түрде анықталған бұзушылықтар туралы хабардар етеді.

Мүдделері аудиторлық іс-шаралармен қозғалған кәсіпкерлік субъектілері және өзге де тұлғалар (жеке және заңды тұлғалар) анықталған бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өз ұстанымын (қарсылықтарын) мемлекеттік аудит объектісіне жібереді.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген тұлғалардың ұстанымын ( қарсылықтарын) мемлекеттік аудит объектісі Заңның 37-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мерзім шегінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына жібереді және ол мемлекеттік аудит объектісінің қарсылықтарымен бірге қаралады.

Апелляциялық комиссияға қарсылық берген кезде мемлекеттік аудит объектісі кәсіпкерлік субъектілерінің және өзге де тұлғалардың аудиторлық есепке және/немесе қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепке ескертулерін ескереді.

Ескерту. Қағидалар 101-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 08.12.2025 № 755 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке қол қойылған аудиторлық есеп және (немесе) қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн өтіп кеткеннен кейін келіп түскен қарсылықтар қаралуға жатпайды.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

103. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке келіп түскен қарсылықтарды және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның ведомствасына және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды уәкілетті органның жанындағы апелляциялық комиссия Заңның 11-1-тарауында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде қарайды.

Мемлекеттік аудит объектісінен қарсылықтар келіп түскен жағдайда аудиторлық септе немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепте көрсетілген

бұзушылықтардың анықталған күні қарсылықты қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдау туралы құжаттың күні болып есептеледі.

Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2019 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 (06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

103-1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 13 және 14-тарауларына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің және басқа тұлғалардың мүдделеріне ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің аудиторлық іс-шаралармен әсер тигізетін аудиторлық есебіне және (немесе) нұсқамасына шағымдар ведомствомен дәлелдер шеңберінде қаралады.

Ведомствоның және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімімен, әрекетімен (әрекетсіздігімен) келіспеген кезде Заңның 11-1 тарауына сәйкес шағымдар уәкілетті органның жанындағы апелляциялық комиссияға жолданады.

Ескерту. 4-тарау 103-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 (06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 08.12.2022 № 1247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

104. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке келіп түскен қарсылықтар және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның ведомствасына және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар және оларға уәжделген жауаптар міндетті түрде аудиторлық іс-шараның материалдарына қоса тіркеледі.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы немесе оның орнындағы тұлға аудиторлық есеппен немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеппен танысудан немесе аудиторлық есепке қол қоюдан бас тартқан кезде мемлекеттік аудитор аудиторлық есепта немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепте мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамының танысудан және (немесе) қол қоюдан бас тартуы туралы тиісті жазба жүргізеді және есеп аудит объектісінің кеңсесі арқылы беріледі.

106. Алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 08.08.2022 № 800 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-параграф. Аудиторлық қорытындыны, анықталған бұзушылықтарды жою туралы және оларға жол берген тұлғалардың жауапкершіліктерін қарастыру туралы нұсқаманы жасау және ресімдеу**

107. Ішкі мемлекеттік аудиторлық есепке және қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке қол қойылғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде:

1) аудиторлық іс-шара үшін жауапты тұлға ішкі мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша аудиторлық қорытындыны осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады;

2) ведомствоның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің басшысы аудиторлық қорытындыны бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері оларды іске асыру үшін қабылдаған актілерін бұзушылықтар анықталған кезде мемлекеттік аудитор анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы нұсқаманы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады;

4) ведомствоның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің басшысы нұсқамаға қол қояды.

Аудиторлық қорытындыға және нұсқамаға мемлекеттік аудит объектісінің, мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және лауазымды тұлғаларының қаралмаған және сапасын бақылаумен расталмаған қарсылықтары бар бұзушылық фактілерін енгізуге жол берілмейді.

Мемлекеттік аудиторлардың және басқа лауазымды тұлғалардың ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша жасаған құжаттарының сапасын бақылау осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

108. Аудиторлық қорытынды мен нұсқама мемлекеттік аудит объектісіне, мемлекеттік органдарына, ұйымдарына және лауазымды тұлғаларына аудиторлық қорытынды бекітілгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109. Аудиторлық қорытындыда, аудиторлық есепте немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепте көрсетілген бұзушылықтардың, жетіспеушіліктердің құжаттармен және сапаны бақылаумен расталған, анықталған фактілері қорытындыланады, жүйелендіріледі және қысқаша нысанда, сондай-ақ сарапшылардың қорытындыларының нәтижелері (болған кезде) көрсетіледі.

110. Аудиторлық қорытындыда мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық есептілігінің, бухгалтерлік есебінің дұрыстығы, негізділігі және қаржылық жағдайы және заңнама нормаларының талаптарына сәйкестігі туралы тұжырымдар мен мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін арттыру және жетілдіру үшін ұсынымдар жекелеген тармақтармен жазылады.

111. Аудиторлық қорытындыда аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында мемлекеттік аудит объектісі өтеген және қалпына келтірген (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылық сомаларын есепке алу бойынша көрсету және (немесе) азайту жолымен) қаражат, қаржылық бақылаудың ұсынылатын ден қою шаралары және мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамада көзделген шаралар туралы ақпарат көрсетіледі.

Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 08.12.2025 № 755 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112. Аудиторлық қорытынды мен нұсқамада мемлекеттік аудит объектісінің, мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және лауазымды тұлғаларының ұсынымдарды қарау нәтижелері туралы және растаушы құжаттарды қоса бере отырып, нұсқаманы орындағаны туралы ақпаратты ұсыну мерзімі міндетті түрде көрсетіледі.

Ескерту. 112-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

113. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері аудиторлық қорытынды бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға электрондық ақпараттық есепке алу құжатын – хабарлама-талон береді.

Ескерту. 113-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-параграф. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдары бойынша есептілік**

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

114-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

114. Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында немесе аудиторлық қорытындыны ведомство және оның аумақтық бөлімшелері бекіткеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит тобының жетекшісі және (немесе) аудиторлық іс-шараны өткізген мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит материалдарын ведомствоның ақпараттық жүйесіне енгізеді.

Ішкі мемлекеттік аудит материалдары Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің "Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру мен жүргізу және оның деректерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қарашадағы № 7-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру мен жүргізу және оның деректерін пайдалану қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12459 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың бірыңғай дерекқорына енгізу үшін Жоғарғы аудиторлық палатаға ұсынылады.

Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 16.01.2023 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

114-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

114-1. Қаржылық есептіліктің ішкі мемлекеттік аудит материалдары ішкі аудит қызметінің тартылған маманының нәтижелерін қоспағанда, ведомствоның ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

Ескерту. 4-тарау 114-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 (06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

115. Мемлекеттік құпияларды қамтитын аудиторлық іс-шара материалдары "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес есепке алынады және сақталады.

Ескерту. 115-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

116. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері бұқаралық ақпарат құралдарында құпиялылық режимін, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияның қамтамасыз етілуін ескере отырып, ақпарат түрінде ішкі мемлекеттік аудит нәтижелерін жариялауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 4-параграф. Қаржылық бақылауды жүзеге асыру

117. Қаржылық бақылауды Заңның 5-бабымен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген құзыреті шегінде бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру жолымен қалпына келтіру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету және (

немесе) азайту, нұсқамаларды орындау және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту арқылы ведомство және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 08.12.2025 № 755 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

118. Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілері өздері іске асыру қабылдайтын актілерін бұзушылықтар анықталған жағдайда мемлекеттік аудит объектілері, мемлекеттік органдары, ұйымдары және лауазымды тұлғалары орындауы үшін міндетті құжат болып табылатын нұсқама жасалады.

Ескерту. 118-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

119. Нұсқамада бюджетке өтелуге жататын бұзушылықтардың сомалары бойынша түсімдер коды, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды жеткізу және ( немесе) анықталған бұзушылықтардың сомаларын есеп бойынша көрсету және (немесе ) қаржыландыру жоспарын азайту, сондай-ақ кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту және мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамада көзделген шараларды қабылдау жолымен бұзушылықтардың сомаларын қалпына келтіру қажеттілігі көрсетіледі.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 08.12.2025 № 755 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

120. Нұсқама аудиторлық қорытынды бекітілгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісіне, мемлекеттік органдарына, ұйымдарына және лауазымды тұлғаларына жіберіледі.

Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

121. Ведомство немесе оның аумақтық бөлімшелері бюджетті жоспарлау бөлігінде анықталған бюджет заңнамасын бұзушылық фактілері туралы ақпаратты бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға тиісінше жұмыстарында басшылыққа алу үшін жібереді.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданатын құжаттарға шағым жасау кезінде туындайтын дауларды апелляциялық реттеу Заңның 58-6-бабына сәйкес міндетті болып табылады.

Ескерту. 122-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2019 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122-1. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша уәкілетті орган қабылдайтын материалдарда мемлекеттік аудит объектілерінің лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған кезде тиісті аудиторлық дәлелдері бар материалдарды қылмыстық қудалау органдарына беру уәкілетті органның нұсқамасы орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде прокуратура органдары арқылы жүзеге асырылады. Материалдарды беру аудит объектілері дауларды реттеудің апелляциялық және сот тәртібін сақтағаннан кейін, сондай-ақ құқықтары сот тәртібімен аудиторлық іс-шаралармен қозғалған тұлғалары бар аудит объектілері жүзеге асырады.

Ескерту. Қағида 122-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 08.08.2022 № 800 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 5-тарау. Қорытынды ережелер

### 1-параграф. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері бойынша қабылданатын құжаттар мониторингі

123. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға тұрақты және жүйелі негізде мыналардың:

1) аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдарды қарау нәтижелері туралы ақпараттың және мемлекеттік аудит объектісі және өзге мүдделі мемлекеттік органдар жіберетін растаушы құжаттардың толықтығына және уақтылығына;

2) міндетті түрде орындау үшін жіберілген нұсқамалардың орындалуы мен мемлекеттік аудит объектісі, мемлекеттік органдары, ұйымдары және лауазымды тұлғалары жіберген растаушы құжаттардың толықтығына және уақтылығына мониторингті жүзеге асырады.

Ескерту. 123-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

124. Аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдарды қарау нәтижелері, сондай-ақ нұсқамалардың орындалуы туралы ақпаратты мемлекеттік аудит объектісі, мемлекеттік органдары, ұйымдары және лауазымды тұлғалары растаушы құжаттарын қоса бере отырып, тиісті құжаттарда көрсетілген мерзімдерде ведомствоға және оның аумақтық бөлімшелеріне жібереді.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

125. Аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудит объектісінен, мемлекеттік органдарынан, ұйымдарынан және лауазымды тұлғалардан ақпаратты (растаушы құжаттарды) алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісінің ұсынымдар мен нұсқамаларды орындау толықтығына талдау жүргізеді.

Аудиторлық іс-шаралар негізінде сот тәртібінде қарау және (немесе) қылмыстық іс жүргізу немесе аудит объектісіне байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда, нұсқамалардың тармақтарын орындау мерзімін мемлекеттік аудит объектісінің, мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және лауазымды тұлғаларының негізді себептер болған кезде 2 (екі) реттен асырмай ұзартуға болады.

Ұсынымдар мен нұсқамалар толық орындалған жағдайда осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шараның аяқталғаны туралы анықтама жасалады.

Ескерту. 125-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126. Мемлекеттік аудит объектісі, мемлекеттік органдары, ұйымдары және лауазымды тұлғалары нұсқаманы көрсетілген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде аудит тобының басшысы немесе мемлекеттік аудитор нұсқамада көрсетілген мерзім өткеннен кейін ӘҚБтК-нің 462-бабына сәйкес дереу шаралар қабылдайды.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-параграф. Сапа бақылауы

127. Ведомство басшысы өз қызметі барысында мемлекеттік аудиторлар және ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өзге де лауазымды адамдары жасайтын құжаттарға ішкі мемлекеттік аудит органдары қызметінің және мемлекеттік аудиторлардың іс-қимылдарының стандарттарға және осы Қағидаларға сәйкестігі тұрғысынан тұрақты тексеру және (немесе) талдау жүргізу жолымен сапа бақылауын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Ведомствоның құрылымдық бөлімшелері және оның аумақтық бөлімшелері сапа бақылауын жүргізген кезде ішкі мемлекеттік аудиттің әрбір кезеңі аяқталғанға дейін тұрақты тексеруді жүзеге асырады.

Ескерту. 127-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. Ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің құжаттарының сапасын бақылау екі деңгейге бөлінеді:

бірінші деңгейдегі сапа бақылауы – ведомствоның осы мемлекеттік аудитте қатыспаған мемлекеттік аудиторы немесе аумақтық бөлімшесінің құрылымдық бөлімшесі жүргізетін сапа бақылауы;

екінші деңгейдегі сапа бақылауы – ведомствоның екінші деңгейдегі сапа бақылауын жүргізуге уәкілетті құрылымдық бөлімшесі жүргізетін сапа бақылауы.

Ескерту. 128-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

129-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129. Аудиторлық іс-шараның барлық кезеңдерінде сапаны бақылауды ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге қатыспаған ведомствоның құрылымдық (аумақтық) бөлімшелерінің мемлекеттік аудиторлары жүзеге асырады.

Дайындық кезеңінің сапасын бақылауды өткізу үшін арналған аудит материалдарының жобалары бекітілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын ұсынылады.

Мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе оны алмастыратын адамға танысу үшін аудит материалдарының жобаларын негізгі кезеңнің сапасын бақылауды өткізу үшін тапсыру мерзімі мыналарды құрайды:

1) аудит объектісіне аудиторлық есеп бергенге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын;

2) аудит объектісіне қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп бергенге дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын жүргізіледі.

3) аудит объектісіне уәкілетті орган ведомствосымен келісуге жататын аудиторлық есепті бергенге дейін 7 (жеті) жұмыс күні бұрын.

Қорытынды кезеңнің сапасын бақылауды өткізу үшін арналған аудит материалдарының жобалары бекітілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын ұсынылады.

Аудиторлық іс-шараның дайындық кезеңінде сапаны бақылау Аудит жоспарының, Аудит бағдарламасының, Аудиторлық тапсырманың, Нұсқаудың жобалары бойынша жүргізілген алдын ала зерделеудің сапасы нысанасына 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Дайындық кезеңі бойынша сапаны бақылауды жүргізу өлшемшарттары:

аудиттің мақсатын, нысанасын және ауқымын анықтаудың дұрыстығы;

Аудит бағдарламасының жобасында мемлекеттік аудит көрсеткіштерінің болуы және аудиторлық іс-шараның мақсаттарына, қамту ауқымына (аудит кезеңіне), аудит үшін қажетті ресурстарға (адами ресурстарға) қол жеткізу үшін аудитке жататын мәселелер тізбесін (мәселелерді нақтылау) айқындаудың дұрыстығы;

жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті және жан-жақты қарауды қамтамасыз ету мақсатында аудитке жататын мәселелер тізбесін, қамту ауқымын ( аудит кезеңі) айқындаудың дұрыстығы;

аудиторлық тапсырманың болуы;

қарсы тексеру жүргізу қажеттілігі;

мемлекеттік аудит жүргізуге тартылатын сарапшыларды айқындау қажеттілігі және оларға нұсқау беру үшін жоспарланатын мемлекеттік аудиттің нақты мәселелері.

Аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңінде сапаны бақылау аудиторлық есептің жобалары бойынша 5 (бес) жұмыс күні және қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептің жобалары, оларға қоса берілген бұзушылықтар тізілімі бойынша аудит объектісіне жіберілгенге дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Уәкілетті органның ведомствосымен келісуге жататын ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің аудит материалдарының жобалары бойынша негізгі кезеңнің сапасын бақылау аудиторлық есептің және оларға қоса берілген бұзушылықтар тізілімінің жобалары бойынша оларды аудит объектісіне жібергенге дейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 5-тармағының 1), 1-1) және 2) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылатын негізгі кезеңнің сапа бақылауы қорытындыларының жобалары қаржы бұзушылықтары бөлігінде ақпараттық жүйе арқылы келісуге жатады.

Уәкілетті органның ведомствосы негізгі кезеңнің сапасын бақылауды келісу рәсімін осы Қағидалардың 129-1-тармағында көзделген тәртіппен айқындайды.

Негізгі кезең бойынша сапаны бақылауды жүргізу өлшемшарттары:

аудиторлық есеп жобасының немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептің, сондай-ақ қарсы тексеру актісінің осы Қағидаларда белгіленген құрылымдар мен нысандарға сәйкестігі;

аудит бағдарламасы мәселелерінің дәйектілігі мен тізбесіне қатаң сәйкестікті, онда жазылған мәліметтердің анықтығын, объективтілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ аудит бағдарламасының әрбір сұрағына жауаптардың болуы;

аудит бағдарламасында көзделмеген мәселелер бойынша аудитті жүзеге асыру;

аудит жүргізу барысында Аудит жоспары мен бағдарламасына өзгерістер енгізудің негізділігі;

көрсетілген бұзушылық фактілерінің объективтілігі және анықталған бұзушылықтарды көрсету және олардың біліктілігі кезінде заңнаманы қолданудың дұрыстығы;

белгіленген бұзушылықтар бойынша қажетті дәлелдеу базасының болуы;

жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті және жан-жақты қарауды қамтамасыз ету;

бақылау өлшемі (қарап тексеру) актілерінің болуы, қажет болған жағдайда оларды жасау, аудиторлық іс-шараның мақсатына қол жеткізуді бағалау;

жеткілікті және тиісті дәлелдер келтіре отырып, пікір білдіруден бас тартудың негізділігі;

оң немесе ескертпесі бар пікір білдіру үшін дәлелді негіздемелермен толық ашу.

Аудиторлық іс-шараның қорытынды кезеңінде сапаны бақылау аудиторлық қорытындының, нұсқаманың жобасына, аудит объектісіне аудиторлық есептің уақтылы ұсынылуына оларға қол қойылғанға және бекітілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Қорытынды кезең бойынша сапаны бақылауды жүргізу өлшемшарттары:

осы Қағидаларға сәйкес аудиторлық қорытындының, нұсқаманың жобасын (оның ішінде апелляциялық комиссияның шешімімен) жасаудың толықтығы мен дұрыстығы;

мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін арттыру және жетілдіру үшін ішкі мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша ұсынымдардың аудиторлық қорытындысының жобасында болуы және негізділігі.

Барлық кезеңдерде бірінші деңгейдегі сапаны бақылау мемлекеттік аудит объектісінің басшысы бекіткен және қол қойған аудит материалдарын беру/ұсыну кезінде жүзеге асырылмайды.

Сапаны бақылау нәтижелері осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сапаны бақылау қорытындысымен ресімделеді.

Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 08.08.2022 № 800 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

129-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129-1. Уәкілетті орган ведомствосы аудиторлық іс-шараның дайындық кезеңінде ақпараттық жүйе арқылы аумақтық бөлімшелерді келісу рәсімін өткізу туралы хабардар етеді.

Ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің негізгі кезеңінің сапасын бақылау қорытындыларының жобаларын уәкілетті органның ведомствосымен келісу рәсімі ақпараттық жүйеде жүзеге асырылады.

Ведомствоның аумақтық бөлімшелері аудит объектісіне аудиторлық есепті ұсынғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын ақпараттық жүйеде аудиторлық есептің, бұзушылықтар тізілімінің жобаларын, олардың негізінде қорытындылар

тұжырымдалған құжаттарды қоса бере отырып, аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңінің сапасын бақылау қорытындысының жобасын орналастырады.

Ведомствоның аумақтық бөлімшесінің басшысы жіберілген материалдардың уақыттылығы мен толықтығын қамтамасыз етеді.

Уәкілетті органның ведомствосы негізгі кезеңнің сапасын бақылау қорытындысының жобасын қарау нәтижелері бойынша ескертулерді ескере отырып, аудит материалдарының жобаларын Стандарттарына сәйкес келіседі немесе пысықтауды ұсынады.

Аудит материалдарын уәкілетті органның ведомствосымен келісу рәсімінің нәтижелері бойынша аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңінің сапасын бақылау қорытындысының жобасын ведомствоның аумақтық бөлімшесінің басшысы бекітеді.

Ведомствоның құрылымдық бөлімшесі жүйелі негізде келісу нәтижелері бойынша берілген ұсынымдардың орындалуына мониторингті жүзеге асырады.

Ведомствоның аумақтық бөлімшесі осы Қағидалардың тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін ақпараттық жүйеде негізгі кезеңнің сапасын бақылау қорытындысының жобасын орналастырған жағдайда, уәкілетті орган ведомствосының келісу функционалы ақпараттық жүйеде бұғатталады. Бұл ретте, аумақтық бөлімшенің басшысы уәкілетті органның ведомствосының келісімінсіз негізгі кезеңнің сапасын бақылау қорытындысын бекітеді.

Уәкілетті органның ведомствосымен келісу үшін аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңінің сапасын бақылау қорытындысының жобасын орналастырудың мерзімдері мен толықтығын бұзғаны үшін лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дербес тәртіптік жауаптылықта болады.

Ескерту. Қағидалар 129-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

130. Ведомствоның құрылымдық (аумақтық) бөлімшелері ведомствоның құрылымдық (аумақтық) бөлімшелерінің мемлекеттік аудиторлары жүзеге асыратын аудиторлық іс-шараның барлық кезеңдері бойынша бірінші деңгейдегі сапаны бақылауды жүзеге асырады.

Бір аудиторлық іс-шараның бірінші деңгейінің сапасын бақылаудың жалпы ұзақтығы аудиторлық іс-шараның барлық кезеңдері бойынша 12 (он екі) жұмыс күнінен аспайды, оның ішінде:

дайындық кезеңінде аудиторлық іс-шара сапаны бақылауға материалдар ұсынылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады;

аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңінде сапаны бақылау былайша жүзеге асырылады:

1) аудит объектісіне танысуға ұсынылғанға дейін оған қоса берілген аудиторлық есептің және тізілімнің жобасы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

2) 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептің және оларға қоса берілген Тізілімнің жобалары бойынша оларды аудит объектісіне таныстыруға ұсынғанға дейін;

3) аудит объектісіне танысуға ұсынылғанға дейін уәкілетті органның ведомствосымен келісуге жататын аудиторлық есептің және оған қоса берілетін Тізілімнің жобалары бойынша 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

қорытынды кезеңде сапаны бақылауға материалдар ұсынылған күннен бастап 3 (үш ) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік аудит объектісінің аудиторлық есебіне қол қоймауы сапа бақылауын жүргізу үшін кедергі болып табылмайды.

Бірінші деңгейдегі сапаны бақылау қорытындысын сапаны бақылауды жүргізген қызметкер жасайды және оған қол қояды және оны ведомствоның құрылымдық ( аумақтық) бөлімшесінің басшысы бекітеді.

Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы немесе оны алмастыратын адам аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке қарсылық жіберген кезде сапаны бақылау қарсылықты қарау нәтижелері бойынша шешім шығарылғаннан кейін Заңның 11-1-тарауында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 130-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 08.08.2022 № 800 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

131. Ведомствоның құрылымдық бөлімшесі барлық үш кезең бойынша өз қызметі барысында ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік аудиторлары жасайтын құжаттардың сапа бақылауын жүзеге асырады.

Бір аудиторлық іс-шараның екінші деңгейдегі сапа бақылауын жүргізу ұзақтығы екінші деңгейдегі сапа бақылауын жүргізу үшін негіз болған құжат келіп түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын кезеңді құрайды. Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған кезде екінші деңгейдегі сапа бақылауын жүргізу мерзімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабына сәйкес ұзартылады.

Екінші деңгейдегі сапа бақылауы қорытындысын сапа бақылауын жүргізген қызметкер жасайды және қол қояды және оны ведомствоның уәкілетті құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ол болмаған кезде заңнамада белгіленген тәртіппен оны алмастыратын адам бекітеді.

Екінші деңгейдегі сапа бақылауын жүргізу үшін аудиторлық іс-шараларды іріктеу мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) ведомствоның және оның құрылымдық (аумақтық) бөлімшелерінің нұсқауларын сапасыз орындауы және орындау мерзімдерін бұзуы;

2) ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданған құжаттарға шағымдану туралы, сондай-ақ ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік аудит объектілерінің өтініштерінің және шағымдарының (жазбаша түрде, сенім телефоны бойынша) болуы;

3) ведомство және (немесе) оның құрылымдық (аумақтық) бөлімшелері жүргізген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелерін талдау;

4) мемлекеттік аудит объектісінің шағымын толық немесе ішінара қанағаттандырған кезде ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның жанындағы Дауларды апелляциялық реттеу жөніндегі комиссияның ұсынымы.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 08.08.2022 № 800 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.09.2023 № 989 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

132. Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке наразылықтар болған кезде аудиторлық қорытынды, сондай-ақ нұсқама тиісті аудиторлық іс-шараға сапа бақылауы өткізілгеннен кейін шығарылады.

133. Аудиторлық есепке, қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке қарсылықтар келіп түскен жағдайда уәкілетті органның құрылымдық немесе аумақтық бөлімшелері оларды қарау бойынша дәлелдерді, растайтын құжаттарды уәкілетті органның жанындағы апелляциялық комиссияға 3 (үш) жұмыс күні ішінде Заңмен белгіленген тәртіппен қарау үшін беріледі.

Мемлекеттік аудит объектілерінің наразылықтарын қарау жөніндегі уәкілетті органның құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің негіздемелері әрбір наразылық аспектісі бөлінісінде ресімделеді және оған уәкілетті органның құрылымдық (аумақтық ) бөлімшесінің басшысы, ал ол болмаған жағдайда – басшының міндетін атқаратын адам қол қояды.

Ескерту. 133-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2019 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

134. Сапаны бақылау мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) аудиторлық іс-шараны ұйымдастырудың дайындық кезеңіне талаптарды сақтау;

2) аудиторлық іс-шараны аяқтау және аудиторлық есепке, қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке қол қою мерзімін сақтау;

3) аудиторлық есептің, қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептің белгіленген нысанға және құрылымға сәйкестігі;

4) аудиторлық есеп, қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп мазмұнының стандарттарға және Қағидаларға сәйкестігі, оның ішінде:

жүргізілген аудиторлық іс-шара мақсатының аудит жоспарында көрсетілген мақсатқа сәйкестігі;

аудит бағдарламасының мәселелерін қамту және ашу толықтығы;

аудит жоспарында және бағдарламасында көрсетілмеген мәселелер және бюджеттік бағдарламалар бойынша аудитті жүзеге асыру фактілерінің болуы;

аудитпен қамтылатын кезеңді сақтау;

үстеме тексеру жүргізу үшін негіздерді сақтау;

бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған жағдайда аудит нәтижелерін ресімдеуге талаптарды сақтау;

анықталған бұзушылықтарды көрсету кезінде заңнаманы қолданудың дұрыстығы;

талаптары бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтарына және тармақшаларына қажетті сілтемелердің болуы;

бұзушылықтар фактілерін баяндаудың нақтылығы мен айқындығы;

көрсетілген бұзушылықтар фактілерінің объективтілігі, анықталған бұзушылықтар фактілерін растайтын құжаттардың болуы және аудиторлық есепте немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепте сілтеме жасалған жазбалардың дұрыстығы;

мемлекеттік аудит нәтижелерін аудиторлық дәлелдемелермен растау;

жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті және жан-жақты қарастыруды қамтамасыз ету;

бақылау өлшемі (қарап тексеру) актілерін жасау қажет болған жағдайда, олардың болуы, осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған бұзушылықтар тізілімі мен аудиторлық есеп, қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп мазмұнының сәйкестігі әрбір бұзушылықты жеке тармақпен нөмірлеу және тіркеу туралы талаптарды сақтауы;

бұрынғы тексеру нәтижелері және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметтерді көрсету;

5) қаржылық бақылау ден қоюы бойынша қабылданған шаралардың негізділігі мен уақтылығы, мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған қаржылық бұзушылықтар сомасын қалпына келтіру және бюджетке өтеу жөніндегі шараларды растайтын құжаттарды тану.

134-1. Егер мынадай бұзушылықтардың бірі анықталған жағдайларда аудиторлық есеп немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп стандарттарға сәйкес келмейді деп танылады:

1) ішкі мемлекеттік аудит жүргізу бағдарламасымен бекітілген кезең мен мәселелердің жалпы санының жүз пайызын толық қамтуды қамтамасыз етпеуі;

2) бекітілген ішкі мемлекеттік аудит жүргізу бағдарламасында көзделген отыз және одан да көп пайызын толық талдауды (объективті және жан-жақты қарау) қамтамасыз етпеуі;

3) мемлекеттік органдар мен заңды тұлғаларға осындай органдар мен заңды тұлағалардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша сұрау салуларға алынған түсіндірулер негізінде қалыптастырылған сапа бақылауының нәтижелері бойынша қорытындыларды қоспағанда, объективті, дәйекті, тиісті және жеткілікті аудиторлық дәлелдердің болмауына байланысты аудиторлық есепте немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепте көрсетілген бұзушылықтар тармақтарының (жиынтықта қаржылық және (немесе) рәсімдік сипаттағы) жалпы санының жиырма және одан да көп пайызын растамау;

4) Заңның 18-бабының 5-тармағымен сәйкес жоспардан тыс аудит үшін негіз болған , құжатта мазмұндалған мәселелердің жалпы санының жүз пайызын толық қамтуды және талдауды (объективті және жан-жақты қарау) қамтамасыз етпеуі;

5) сапа бақылауын жүргізу кезінде үш және одан да көп жағдайларда (фактілер) жүргізілген аудиторлық іс-шарамен анықталмаған қаржылық бұзушылықтардың анықталуы;

6) сапа бақылауын жүргізу кезінде жүргізілген аудиторлық іс-шарамен анықталмаған, ішкі мемлекеттік аудит нәтижелеріне немесе мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мақсаттарына қол жеткізуге әсер еткен рәсімдік сипаттағы бұзушылықтардың анықталуы;

7) мемлекеттік аудит көрсеткіштерінің жалпы санының отыз және одан да көп пайызында тиімділік аудитінің немесе сәйкестік аудитінің көрсеткіштеріне сәйкестігі тұрғысынан мемлекеттік аудит саласын немесе аудит объектісінің қызметін бағалаудың болмауы;

8) жүргізілген аудиттің түріне байланысты жалпы және рәсімдік стандарттардың, ішкі мемлекеттік аудит жүргізуді регламенттейтін Қағидалардың, нормативтік құқықтық және құқықтық құжаттардың белгіленген талаптарын сақтамау.

Ескерту. 2-параграф 134-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2019 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. Стандарттарының талаптарына сәйкес болмаған жағдайда мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектісіне барып мемлекеттік аудит нәтижелерін қайта тексеру қажеттігін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының басшысы айқындайды.

136. Екінші деңгейдегі сапаны бақылау қорытындысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті ішкі мемлекеттік аудит органына жіберіледі.

Ескерту. 136-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

137-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

137. Сапаны бақылау нәтижелерін ведомство немесе оның аумақтық бөлімшелері ведомствоның ақпараттық жүйесінде және бірыңғай мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау дерекқорында орналастырады.

Ескерту. 137-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

138. Ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыру кезінде мемлекеттік аудиторлар мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың негізгі қағидаттары мен стандарттарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дербес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылықта болады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ішкі мемлекеттік аудит және<br>қаржылық бақылау жөніндегі<br>уәкілетті органның ішкі<br>мемлекеттік аудит және<br>қаржылық бақылау жүргізу<br>қағидаларына<br>1-қосымша<br>Нысан

**Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері зерделейтін мәселелердің үлгі тізбесі**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Сұрақтар | Ақпарат көздері |
|---|---|
| 1 | 2 |
| 1. Сәйкестік аудиті (жалпы сұрақтар). | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер, ақпараттық-құқықтық жүйелер |
| | Мемлекеттік аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Ереже, Жарғы және мемлекеттік аудит объектісінің қызметін регламенттейтін өзге де құжаттар) |
| | Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерін және |

| | |
|---|---|
| | ведомстволық бағынысты ұйымдарды қоса алғанда, мемлекеттік аудит объектісінің құрылымы |
| | Құқық қорғау органдарының құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды алып қойғанын растайтын құжаттар |
| Алдыңғы мемлекеттік аудиттің (бақылаудың) және тексерулердің нәтижелері | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының, құқық қорғау органдарының және басқа да бақылау мен қадағалау органдарының актілері, тексеру қорытындылары бойынша мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған шаралар |
| Мемлекеттік аудит объектісінің ішкі аудит қызметінің қызметі | Ішкі аудит қызметінің ережесі, тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі, ішкі аудит нәтижелері туралы есептер, ішкі аудит қызметтерінің қызметі туралы жиынтық ақпарат |
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджетті уақытылы және сапалы орындауы | Тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша тиісті есепті жылға арналған мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есеп (бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар ұсынатын ақпарат, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары) |
| Мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәсілдері, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер номенклатурасы, бюджеттен бөлінген қаражат шегінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу мерзімдері | Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары, мемлекеттік сатып алудың нақтыланған жоспары ( ақпараттық жүйелер) |
| Мемлекеттік аудит объектісі туралы жинақталған ақпарат | Мемлекеттік аудиттің тексерілетін объектісінің ақпараттық базалары, ресми статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа да көздердің деректері |
| | Мемлекеттік аудит объектілері лауазымды адамдарының (болған кезде) әрекетіне ( әрекетсіздігіне) қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері (шағымдары)) |
| 2. Қаржылық есептілік аудиті | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер ( ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| | Құқық қорғау органдарының құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды алып қойғанын растайтын құжаттар |
| Мемлекеттік аудит объектісінің ішкі аудит қызметінің қызметі | Ішкі мемлекеттік аудиттің қорытындылары бойынша қорытындылар, ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы есептер, қабылданған шаралар туралы ақпарат, ішкі аудит қызметтерінің қызметі туралы жиынтық ақпарат |
| Алдыңғы мемлекеттік аудиттің (бақылаудың) және тексерулердің нәтижелері | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының, құқық қорғау органдарының және басқа да бақылау мен қадағалау органдарының |

| | |
|---|---|
| | актілері, тексеру қорытындылары бойынша мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған шаралар |
| Бухгалтерлік есеп және бюджеттік бағдарламаларды орындау бойынша есептер | Қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер туралы есеп, қаржыландыру көздері бойынша шоттардағы ақша қозғалысы туралы есеп; түсіндірме жазба, қаржыландыру жоспарларының орындалуы туралы есеп) және басқалар |
| Мемлекеттік аудит объектісінің міндеттемелерді қабылдауының, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдерді жүргізудің, бюджет түсімдері мен шығыстарының атқарылу болжамдарын жасаудың уақтылылығы | Бюджеттік бағдарламаның тиісті әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларды іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есептері |
| Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы | Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп |
| Есепті қаржы жылына арналған бюджетті бекіту, нақтылау, түзету | Бекітілген, нақтыланған, түзетілген республикалық бюджетті, бюджеттік бағдарламалар бойынша қабылданған, төленбеген міндеттемелерді және ( немесе) төленген міндеттемелерді көрсете отырып, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті және ( немесе) жергілікті атқарушы органдардың тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептері, жүргізілген бюджеттік мониторинг және бюджеттік бағдарламалар нәтижелерін бағалау негізінде жергілікті бюджеттік бағдарламаларды орындау бөлігінде жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есеп; тиісті кезеңге арналған облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған экономикалық жағдай және негізгі бағыттардың іске асырылуы туралы талдамалық ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба |
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері теңгерімдерінің есеп айырысу баптары бойынша дебиторлық және кредиторлық берешек | Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің, оның ішінде өткен жылдардың дебиторлық берешегі туралы есептер, мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің кредиторлық берешегі туралы есеп (бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдардың ай сайынғы ақпараты) |

Ескертпе:

Бұл тізбе толық болып табылмайды. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу барысында қосымша құжаттар немесе ақпарат сұралады.

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және

қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
1-1-қосымша

Нысан

Ішкі мемлекеттік аудитті
жүргізуге жауапты тұлға
____________________
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің
аты (ол болған жағдайда), қолы)

**Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпарат**

Ескерту. Қағидалар 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу: _______________.

(мемлекеттік аудит объектілерінің атауы, мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала, көше, үй/корпус, объектінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі, (заңды тұлғалар үшін), ұйымдық-құқықтық нысаны (МККК, ЖШС, АҚ және басқасы), ведомстволық бағынысты мемлекеттік орган/ бюджеттік бағдарламаның әкімшісі)

2. Аудиторлық іс-шараны ұйымдастыру үшін негіз: __________________.

(құжаттың атауы, күні, нөмірі)

3. Аудиторлық іс-шараның мақсаты, мәні және мәселелері: ____________.

4. Аудиторлық іс-шараны ұйымдастыру үшін маңызы бар мынадай құжаттар зерделенді:

1)______________________________________________________________

(зерттелген құжаттардың, есептердің және басқа да ақпараттың, оның ішінде мемлекеттік аудит объектісінде "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңның (бұдан әрі – Заң) 21-бабына сәйкес алынған ақпараттың тізбесін көрсету)

2. _____________________________________________________________

(алдыңғы мемлекеттік аудиттің (бақылаудың) және тексерулердің нәтижелері, құқық қорғау органдарының құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды алып қойғанын растайтын құжаттар)

5. Аудит түріне және аудиторлық іс-шара мақсаттарына қарай мемлекеттік аудит объектісінің қызметі туралы ақпаратты талдау және бағалау негізінде алдын ала бағалау барысында мынадай көрсеткіштер ескеріледі:

1) тәуекелдердің болуы және дәрежесі - ______________________________.

(көрсетілген мақсатқа, аудиторлық іс-шараның нысанасы мен мәселесіне сәйкес тексерілетін салада және (немесе) мемлекеттік аудит объектісінің қызметінде бюджет

қаражаты мен активтерін қалыптастыру және пайдалану кезінде мемлекеттік органның өз мақсаттарына қол жеткізуіне әсер ететін қандай да бір факторлардың ( іс-қимылдардың немесе оқиғалардың) болуын айқындау және растау)

2) ішкі бақылау жүйесі - ________________________________________.

(көрсетілген мақсатқа, аудиторлық іс-шараның нысанасы мен мәселесіне сәйкес ішкі бақылау жүйесін және оның заңда көзделген компоненттерін ұйымдастырудың тиімділік дәрежесіне алдын ала талдау және бағалау жүргізу, оның нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесінің қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ету қабілеті айқындалады)

3) мәнділік – ____________________________________________________.

(көрсетілген мақсатқа, аудиторлық іс-шараның нысанасы мен мәселесіне сәйкес мемлекеттік аудит объектісі Қаржы және шаруашылық операцияларды жасаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ оларды іске асыруға қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқудың, сондай-ақ қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателіктердің болуын айқындау, рұқсат етілетін ең жоғары мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына байланысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалады. Маңыздылық және аудиторлық тәуекел көрсеткіштерін есептеу стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады)

6. Үстеме тексеру жүргізу қажеттілігі ______________________________.

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы, үстеме тексеру жүргізу қажеттілігінің негіздемесін көрсету)

7. Мамандарды (Сарапшыларды) тарту қажеттілігі ___________________.

(мамандардың (сарапшылардың) қажеттілігінің негіздемесін көрсету)

8. Режимдік объектілерде мемлекеттік аудит жүргізу жағдайларында рұқсаттар алу қажеттілігі _____________________.

(қажет / қажет емес)

9. Мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеу және жүргізілген талдау қорытындылары бойынша мыналарды ұсынамыз:

9.1. Мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шара өткіз _________

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы )

____________________________________ (тәуекелдердің болуы мен дәрежесі, ішкі бақылау жүйесі, маңыздылығы туралы қорытындылар негізінде аудиторлық іс-шараны өткізудің орындылығын көрсету, аудит жүргізуден бас тартқан жағдайда себебін көрсету)

9.2. Аудит бағдарламасына қосу:

1) аудиторлық іс-шарамен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердің көлемі: _ __________________________________________________.

(аудиторлық іріктеу қорытындылары бойынша тексерілетін жылдар және бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылатын қаражат пен активтердің көлемін көрсету)

2) мемлекеттік аудиттің көрсеткіштері және көрсеткіштердің әрқайсысына аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатарлас тексерудің) егжей-тегжейлі мәселелері __
____________________________________________________.

10. Аудиторлық іс-шара барысында мемлекеттік аудиторлар, ассистенттер мен сарапшылар арасында – мемлекеттік органдар мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары арасында бірлескен және қатар тексерулер жүргізілген жағдайда қамтылуға тиіс мәселелерді бөлу.

11. Аудиторлық іс-шараны өткізу мерзімі белгіленсін: _________________.

Мемлекеттік аудит тобының басшысы ___________.

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік аудит тобының қатысушылары __________________________.

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Бекітемін:
Аудиторлық іс-шараны
жүргізуге жауапты тұлға
______________________
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда), қолы)
20___ жылғы __ ____________

## Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу жоспары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Ішкі мемлекеттік аудиттің түрі:

____________________________________________________________________

2. Аудиторлық іс-шараны (бірлескен, параллель, қарсы) өткізу мерзімі тексеру): ____ ______________ бойынша _________________ (аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырмада көрсетілген күнге сәйкес аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізудің басталу және аяқталу күні көрсетіледі)

3. Қажетті ресурстар: _______________________________________________

(ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің саны көрсетіледі) аудиторлық іс-шараға (бірлескен, қатарлас) тартылған ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган ведомствосының бөлімшелері, мемлекеттік органдардың мамандарын тартқан жағдайда, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың қызметкерлері мен тартылған тұлғалардың саны және мемлекеттік органның, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымның).

4. Мемлекеттік аудит объектілері және жүру бағыттары:

| **№** | **Мемлекеттік аудит объектісінің атауы** | **Мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала)** | **Жүру бағыты (оның ішінде іссапарға жіберілген кезде)** | | **Мемлекеттік аудит тобы қатысушыларының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатарлас тексеру) | Бағыт (жүру бағыты бойынша елді мекендердің атауы) | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | | | | | |
| 2. | | | | | |
| 3. | | | | | |
| ... | | | | | |

5. Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қосарлас, қарсы тексерумен) қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі): ______________________

(республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттер қаражатының және (немесе) мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің, байланысты гранттардың, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздардың, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздардың жалпы көлемі көрсетіледі, қаржылық есептілік аудитін жүргізу кезінде жүргізілетін аудиторлық іс-шара ( бірлескен, қосарлас, қарсы тексеру) шеңберінде аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қосарлас, қарсы тексеру) қамтуға жататын теңгерім валютасы көрсетіледі.

6. Қаржылық есептілік мәнінің жалпы жиынтық деңгейі

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі (мемлекеттік аудитор)

_________________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Ішкі мемлекеттік аудит және<br>қаржылық бақылау жөніндегі<br>уәкілетті органның ішкі<br>мемлекеттік аудит және<br>қаржылық бақылау жүргізу<br>қағидаларына<br>3-қосымша

Нысан

Бекітемін: Аудиторлық іс-шараны<br>жүргізуге жауапты тұлға

_____________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің

аты (ол болған жағдайда), қолы)
20___ жылғы __ ____________

**Ішкі мемлекеттік аудит жүргізу бағдарламасы**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. ____________________________________________________________
(мемлекеттік аудит объектісінің атауы)

2. Аудиторлық іс-шараның мақсаты, нысанасы: ______________________

3. Тексеру түрі (бірлескен, қатар):
_______________________________________________________________

4. Ішкі мемлекеттік аудитке жататын мәселелердің егжей-тегжейлі тізбесі:

| № | Мемлекеттік аудит көрсеткіштері және көрсеткіштердің әрқайсысына аудиторлық іс-шараның ( бірлескен, қатар, үстеме тексерулер) егжей-тегжей мәселелері | Аудиторлық іс-шарамен ( бірлескен, қатар, үстеме тексерумен) қамтылуға жататын бюджеттік бағдарлама (нөмірі және атауы) және ( немесе) активтер | Қамтылатын кезең ( жыл/жарты жыл/ айлар) | Аудиторлық іс-шарамен ( бірлескен, қатар, үстеме тексерумен) қамтылуға жататын республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражатының және ( немесе) активтердің көлемі (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |
| ... | | | | |
| | Жиыны: | | | |

5. Аудиторлық іс-шара (бірлескен, қатар, үстеме тексеру) барысында пайдаланылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен ішкі мемлекеттік аудит органдарының өзге құжаттарының тізбесі: ______________________
_____________________________________________

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі ____________________________
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
3-1-қосымша

Нысан

Бекітемін: Аудиторлық іс-шараны

жүргізуге жауапты тұлға

____________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің
аты (ол болған жағдайда), қолы)
20___ жылғы __ ___________

**Қаржылық есептіліктің ішкі мемлекеттік аудитін жүргізу бағдарламасы**

Ескерту. Қағидалар 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 (06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1. ____________________________________________________________

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы)

2. Аудиторлық іс-шараның мақсаты, пәні

_______________________________________________________________

3. Тексеру түрі (бірлескен, қосарлас) _____________________________

4. Ішкі мемлекеттік аудитке жататын мәселелердің егжей-тегжейлі тізбесі:

тармақтың № __________

Мемлекеттік аудиттің көрсеткіштері және көрсеткіштердің әрқайсысына аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қосарлас тексерудің) егжей-тегжейлі мәселелері

Зерттеу әдісі (жаппай/іріктеп)

Қамту кезеңі (жыл/жарты жыл/айлар)

Баланс валютасы

Жиыны:

5. Аудиторлық іс-шара (бірлескен, қосарлас тексеру) барысында пайдаланылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және ішкі мемлекеттік аудит органдарының өзге де құжаттарының тізбесі:

(Актінің толық атауы, күні және нөмірі, сондай-ақ тексерілетін кезеңде қолданыста болған редакциясы көрсетіледі)

_______________________________________________________________

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі

_______________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) (ол болған жағдайда), қолы)

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Бекітемін:
Аудиторлық іс-шараны

жүргізуге жауапты тұлға

___________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)
20___ жылғы __ ___________

**Аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған аудиторлық тапсырма**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы ______________________________

(ұйымдық-құқықтық нысанын, мемлекеттік аудит объектісінің толық атауын көрсетіңіз)

2. Аудиторлық іс-шара мерзімі: _______________________________________

(аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырмаға сәйкес аудиторлық іс-шара мерзімі мен аудиторлық іс-шара жүргізу үшін қажетті жұмыс күндерінің жалпы саны көрсетіледі)

| **№** | **Аудит топтарының қатысушылары арасында бөлінетін аудиторлық іс-шара мәселелері (аудит бағдарламасынан)** | **Мемлекеттік аудитордың, мемлекеттік аудитор ассистентінің (тартылған маманның, сарапшының) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы** | **Аудиторлық іс-шараны жүргізу мерзімі (кезеңдері)** | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | аудит бағдарламасының мәселесін қарау басталған күн | аудит бағдарламасының мәселесін қарау аяқталатын күн | аудит бағдарламасының мәселесін қарау үшін қорытынды жұмыс күнінің саны |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | | 1) | | | |
| | | 2) | | | |
| ... | | | | | |

Мемлекеттік аудит тобының мүшелері (мемлекеттік аудитор (-лар), мемлекеттікаудитордың ассистент (-тер)і, тиісті бейіндегі тартылған сарапшылар) ____

_____________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органның ішкі мемлекеттік аудит және

қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

**Аудиторлық іс-шараны (тексерулер) жүргізуге нұсқау (Тексеруді тағайындау туралы акт)**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 __ жылғы "___" ________ №______

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 18-бабына сәйкес

__________________________________________________________________

(қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы) ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік аудит тобының жетекшісін көрсете отырып, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган ведомствосының құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі, мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын (олармен келісім бойынша), сондай-ақ қажет болған жағдайда оған (-ларға) аудиторлық іс-шара (тексерулер) өткізу тапсырылған аудиторлық ұйымдар, сарапшылар) өткізу

__________________________________________________________________

(аудит объектісінің ұйымдық-құқықтық нысанын, толық атауын, оның орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) бойынша мәселе бойынша аудиторлық іс-шара (тексеру)

__________________________________________________________________

(аудиторлық іс-шараның (тексерудің) мәнін көрсету)

Мемлекеттік аудиттің типі ________________________________________

Тексеру түрі ______________________________________________________

Аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылатын кезең ______________

Аудиторлық іс-шараларды (тексеру) өткізу мерзімдері: ___ бастап ___ бойынша

Аудиторлық іс-шараны өткізуге жауапты тұлға:

__________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), атқарып отырған лауазымы)

Аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге нұсқау құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында ол уәкілетті органда тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Негізі: __________________________________________________________

(ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі; Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы

Үкіметінің тапсырмасы; тәуекелдерді басқару жүйесін қолдана отырып, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйелерінің деректері мониторингінің нәтижелері; жеке және заңды тұлғалардың өтініштері; аудиторлық іс-шараны тағайындау үшін негіз болған құжаттың күні, нөмірі).

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі ведомствоның басшысы

______________________________________________________________

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Алды ______________________________________________________

(мемлекеттік аудит объектісі басшысының немесе оның міндетін атқарушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) 20___жылғы "____"___________ (алған күнін көрсету)

Ескертпе:

*Нұсқаудың сыртқы жағында Заңның 37-бабына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің құқықтары мен міндеттері көрсетіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

_______________
(күні, айы, жылы)
Мемлекеттік аудит
объектісінің басшысы

_______________
(тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда)

**Мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы бойынша талап**

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 21 және 37-баптарына (бұдан әрі – Заң) сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің басшысы:

1) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының қызметкерлерін ________ _____________ дейінгі мерзімде аудитті жүргізу үшін қажетті (мерзім осы талапты

мемлекеттік аудит объектісі алған күннен бастап есептеледі) барлық сұратылған ақпаратпен:

______________________________________________________________

(басшының немесе бас бухгалтердің қолы қойылған қажетті құжаттар мен ақпараттізбесі көрсетілсін) ________________________ қамтамасыз етуге;

2) сұратқан деректердің уақтылығын, дәйектілігін, объективтілігін және толықтығын қамтамасыз етуге;

3) егер Занда не Қазақстан Республикасының өзге заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу кезеңінде ексерілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге;

4) ақпараттық жүйелерге, оның ішінде ЭҚАБЖ-ға қол жетімділігін қамтамасыз етуге;

5) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының мемлекеттік аудиторларының әрекетіне араласпауға және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылауды жүргізуге кедергі жасамауға міндетті.

2. Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының лауазымды тұлғаларына өз құзыреттеріне сәйкес өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына қажетті құжаттарды, материалдарды және өзге де мәліметтерді, мемлекеттік аудит объектісінің қызметі туралы ақпаратты беруден бас тарту, мемлекеттік аудит жүргізуге жіберуден немесе оларды жүзеге асыруға өзге де кедергілер келтіру не анық емес ақпарат беру "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі /мемлекеттік аудитор

______________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Алдым ________________________________________________________

(бастауымен аудиторлық іс-шара жүзеге асырылған мемлекеттік аудит объектісі басшысының немесе лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

"____" __________20___ жыл (алған күнді көрсетіңіз)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына 7-қосымша

Нысан

________________

(жасалған орны)

___________20___жыл
(аудиторлық есептің күні)

**№ _____ Аудиторлық есеп**

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 08.12.2025 № 755 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: ________________________________
(мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы, мемлекеттік тіркеу туралы деректер, банктік және салық деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

2. Ішкі мемлекеттік аудит түрі:
______________________________________________________________________

3. Тексеру түрі: _______________________________________________________
(бірлескен, қосарлас)

4. Аудиторлық іс-шара жүргізуге нұсқау:
______________________________________________________________________
(нұсқаудың күні мен нөмірі, ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге нұсқауға қол қойған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

5. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізілді:
______________________________________________________________________
(ішкі мемлекеттік аудитті жүргізген ішкі мемлекеттік аудит органы қызметкерінің (қызметкерлерінің), мемлекеттік аудитті жүргізуге тартылған мемлекеттік органдар маманының (мамандарының), мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар қызметкерлері мен сарапшылардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

6. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, нысанасы:
______________________________________________________________________
(аудит бағдарламасына сәйкес келетін ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты мен нысанасы)

7. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:
______________________________________________________________________
(мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тексерілген кезеңі)

8. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімі: ______бастап ________ дейін
(мемлекеттік аудит объектісінде ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудің басталған және аяқталған күні)

9. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:
______________________________________________________________________
(мемлекеттік аудит объектісі басшысының немесе мемлекеттік аудит объектісінің

лауазымды адамдарының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), сондай-ақ ішкі
мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

10. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің (бақылаудың) және тексерулердің нәтижелері туралы мәліметтер:

______________________________________________________________________

(ішкі мемлекеттік аудит органы жүргізетін мемлекеттік аудиттің нысанасына сәйкес келетін басқа да мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, құқық қорғау органдары және басқа да бақылау және қадағалау органдары бұрын қамтыған мәселелер бойынша ғана қысқаша мәліметтер, мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар);

11. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер (осы бөлімде мемлекеттік аудиттің мақсатына қол жеткізілгендігін растау үшін жеткілікті жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі):

1. Аудит бағдарламасы сұрағының нөмірі мен атауы:

аудит бағдарламасы сұрағына жауап ______________________________________

2. Аудит бағдарламасы сұрағының нөмірі мен атауы:

аудит бағдарламасы сұрағына жауап _____________________________________

және аудит бағдарламасында көзделген сұрақтардың кезектілігіне сәйкес және тағы басқалары.

12. Мемлекеттік аудит саласында немесе аудит объектісінің қызметінде анықталған нәтижелердің мемлекеттік аудит көрсеткіштеріне сәйкестігі тұрғысынан бағалау жүргізуді қамтиды.

13. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудегі кедергілер:

_______________________________________________________________________

(мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының ішкі мемлекеттік аудит органы қызметкерлерінің ішкі мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі келтіру фактілері туралы мәліметтер көрсетіледі (кедергі жасау нысаны көрсетілсін: қажетті құжаттарды, материалдарды және өзге де мәліметтерді және мемлекеттік аудит объектісінің қызметі туралы ақпаратты беруден бас тарту, мемлекеттік аудит жүргізуге рұқсат беруден бас тарту немесе оны жүзеге асыруға өзге де кедергі жасау, анық емес ақпарат беру. Ішкі мемлекеттік аудит органының қызметкері Ішкі мемлекеттік аудит

жүргізуге кедергі келтіруден көрінген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы

жасаған кезде аудиторлық есепте оның нөмірі мен күні көрсетіледі)

14. Ішкі мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

___________________________________________________________________

(ішкі мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған шаралар туралы мәліметтер (айыппұлдарды, өсімпұлдарды қосымша есептеу, бюджетке негізсіз және (немесе)

мақсатсыз пайдаланылған қаражатты өтеу, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік

бойынша қаражатты қалпына келтіру, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді берушілердің шарттық міндеттемелерді орындауы, мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарына қабылданған тәртіптік жазалау шаралары және басқалар) көрсетіледі.)

15. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің басшысы кәсіпкерлік субъектілері мен мүдделеріне мемлекеттік аудиттің аудиторлық іс-шаралары әсер еткен өзге де тұлғалардың анықталған қаржылық бұзушылықтары туралы хабарлайды.

Аудиторлық есеп екі (үш) данада жасалды (қажетінің астын сызыңыз).

Қосымша: ___ парақта: (мемлекеттік аудит объектісінде тікелей жиналған, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, басқа да дұрыс көздерден алынған құжаттарды тізбектеңіз)

Мемлекеттік аудит тобы/мемлекеттік аудитор:

_____________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

_____________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

_____________________________________________________________

Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы:

_____________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Аудиторлық есепті танысуға алған күні: 20___жылғы "____" __________.

__________________________________________________________________

(Мемлекеттік аудит объектісі басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы

Қарсылықтардың бар екені туралы белгі:

Аудиторлық іс-шара нәтижелерімен келіспеген кезде аудиторлық есептің соңғы парағындағы мемлекеттік аудит объектісінің басшысы қарсылықтардың бар екені туралы жазба жасайды.

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме:

Аудиторлық есептің жоғары бөлігінде оның жасалған орны (елдің мекеннің атауы, аудиторлық есептің күні (жұмыс уақытында, жұмыс күні Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудін аяқталған күні), аудиторлық есептің нөмірі көрсетіледі.

Қажет болған кезде аудиторлық есепте тексерілетін мәселелер бойынша ақпарат жалпылама түрде көрсетіледі, егжей-тегжейлі ақпарат аудиторлық есепке қосымшаларда жазылады.

Жүргізілетін ішкі мемлекеттік аудиттің түріне, мақсатына және нысанасына байланысты ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын қызметкерлер аудиторлық есепке қосымшалар ретінде ресімделетін талдамалы кестелерді жасайды.

Аудиторлық есепте көрсетілген қосымшаларға сілтеме жасалады.

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
8-қосымша
Нысан

**Шоғырландырылған қаржылық есептілік/қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп**

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

___________________________________________________________________

(Аудит объектісінің атауы)

1. Біз аудит жүргіздік…

2. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды тұлғалары:

3. Шоғырландырылған қаржылық есептілік/қаржылық есептілік үшін мемлекеттік орган (мекеме) басшылығының жауапкершілігі

Мемлекеттік органның (мекеменің) басшылығы жауапты болады…

4. Аудитордың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілік …негізделеді

5. Алдыңғы ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:

6. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі жасау

7. Аудиторлық пікір білдіруге негіз

8. Аудитордың пікірі

Біздің пікіріміз бойынша бухгалтерлік есепті жүргізу белгіленген талаптарға сәйкес келеді, шоғырландырылған қаржылық есептілік/қаржылық есептілік сенімді есеп деректері негізінде жасалды, елеулі қателер жоқ және біз шоғырландырылған қаржылық есептілік/қаржылық есептілік бойынша оң аудиторлық есепті қабылдаймыз/ Біздің пікіріміз бойынша қаржылық және шаруашылық операцияларды жасау кезінде белгіленген нормалардың талаптарынан ауытқуға жол берілді, шоғырландырылған қаржылық есептілік/қаржылық есептілік елеулі бұрмаланушылықтар қамтиды, осыған байланысты біз қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп ескертпемен қабылданады/Бухгалтерлік есептің жүргізілмеуіне байланысты, бухгалтерлік құжаттардың болмауына байланысты біз пікір білдіруден бас тартамыз

9. Мемлекеттік аудит барысында объект қабылдаған шаралар

Шоғырландырылған қаржылық есептілік/қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп екі (үш) данада жасалды (керегінің астын сызу керек).

Қосымшалар ______ парақта: (тікелей мемлекеттік аудит объектісінде жиналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, басқа дәйекті көздерден алынған, оның негізінде мемлекеттік аудиторлар бұзушылықтар мен кемшіліктердің бар немесе жоқ екенін анықтаған құжаттарды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілік/қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепте жазылған фактілерді растайтын және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің/қаржылық есептіліктің, бухгалтерлік есептің дәйектілігі, негізділігі туралы пікір білдірілген және мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық жай-күйі берілген өзге де материалдарды тізбелеңіз).

Мемлекеттік аудит тобы: ________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

______________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепті танысу үшін алған күні:

20___жылғы "____" ___________

______________________________________________________________

(мемлекеттік аудит объектісі басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Қарсылықтың болуы туралы белгі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік/қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептің соңғы парағындағы аудиторлық іс-шара нәтижелерімен келіспеген кезде мемлекеттік аудит объектісінің басшысы қарсылықтардың бар екендігі туралы жазба жасайды.

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме:

Қажет болған жағдайда талдамалық кестелер жасалады, олар аудиторлық есепке қосымша ретінде ресімделеді. Қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепте көрсетілген қосымшаларға сілтеме жасау міндетті.

Ішкі мемлекеттік аудит органының қызметкері ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтіруден көрінген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасаған кезде, шоғырландырылған қаржылық есептілік/қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептің 6-бөлімінде оның нөмірі мен күні көрсетіледі.

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
9-қосымша
Нысан

**Аудит жүргізуге кедергі жасау фактісі бойынша акті**

6. Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мемлекеттік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және бюджет қаражатын, мемлекет және квазимемлекеттік сектор активтерін пайдаланғаны үшін айқындылықты, тиімділікті, жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

7. Ішкі мемлекеттік аудит, Заңның 18 бабына сәйкес қалыптастырылған тиімділік аудиті бойынша ішкі аудит қызметтерінің тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің (бұдан әрі - мемлекеттік аудит объект) тізбесі және сәйкестік аудиті бойынша ішкі аудит қызметтерінің тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі (бұдан әрі – сәйкестік аудиті бойынша мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі) негізінде жүргізіледі.

Ішкі аудит қызметтері егер тиісті объектілер Казақстан Республикасы Жоғарғы аудиторлық палатасының (бұдан әрі – Жоғарғы аудиторлық палата), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиясының (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның (

бұдан әрі – уәкілетті орган) мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне енбесе, орталық мемлекеттік органның, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің тапсырмасы бойынша жоспардан тыс мемлекеттік аудитті жүргізеді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Мемлекеттік аудит тобының құрамында мемлекеттік аудит тобының жетекшісі, аудиторлық іс-шара өткізуге қатысатын мемлекеттік аудиторларды, ішкі аудит қызметтері мемлекеттік аудиторларының ассистенттері, сондай-ақ қажет болған кезде маман (-дар) болады.

9. Ішкі аудит қызметтері мынадай мемлекеттік аудит түрлерін жүзеге асырады:

1) тиімділік аудиті – мемлекеттік аудит объектісінің қызметін тиімділік, үнемділік, өнімділік және нәтижелілік нысанына бағалау және талдау;

2) сәйкестік аудиті – мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін сақтауын бағалау, тексеру.

9-1. Ішкі аудит қызметі қаржылық есептіліктің мемлекеттік аудитін жүргізуге қатысады.

Ескерту. 1-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 (06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Ішкі мемлекеттік аудит шеңберінде ішкі мемлекеттік аудит органдары үстеме тексеру жүргізеді – тексеріліп отырған мәселе шеңберінде негізгі мемлекеттік аудит объектісімен өзара қатынастар мәселелері бойынша ғана жүргізілетін, үшінші тұлғаларды тексеру. Үшінші тұлғалар ретінде бюджетке түсетін түсімдерді қалыптастыруға қатысатын және (немесе) бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, байланысты гранттарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдаланатын, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті басқару мен пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар болады.

11. Ішкі аудит қызметі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді талдауды, қорытындылауды және жүйелендіруді жүзеге асырады.

## 2-тарау. Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру

12. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 карашадағы № 590 және Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің бақылау жөніндегі есеп комитетінің (бұдан әрі – Есеп комитеті) 2015 жылғы 28 карашадағы № 10-НҚ нормативтік қаулысы мен бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12502

болып тіркелген) бекітілген стандарттарға, бірыңғай қағидаттар мен тәуекелдерді басқару жүйесіне тәсілдерге, тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 597 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12490 болып тіркелген) бекітілген Тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесіне (бұдан әрі – ТБҮЖ) сәйкес жүзеге асырылады.

ТБҮЖ 14-тармағына сәйкес әзірленген тәуекелдер критерийлері тәуекелдер тізілімінде қалыптастырылады және оны:

орталық мемлекеттік органдарда – мемлекеттік органның басшысы;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарында – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі бекітеді.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 16.01.2023 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру мынадай қағидаттарға сәйкес жүйелі тәсілдерге негізделеді:

1) жиынтықтылық (алдыңғы кезеңнен аяқтау рәсімдеріне дейін тізбені қалыптастырудың барлық кезеңдерінің өзара байланысы мен келісімділігін қамтамасыз ету);

2) үздіксіздік;

3) объективтілік.

14. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі мемлекеттік аудит объектісінің атауын , аудит түрін, аудиторлық іс-шара атауын, тексеру түрін, мемлекеттік аудитпен қамту кезеңін, аудит жүргізу мерзімін, мемлекеттік аудитпен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердің жоспарлы көлемін қамтиды.

15. Ішкі аудит қызметінің мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі әзірленеді және Жоғарғы аудиторлық палата, тексеру комиссиялар, уәкілетті органмен оның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік аудит объектілерінің тізбелерін есепке ала отырып, жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 25 желтоқсанына дейін Заңның 18-бабының 2-тармағына сәйкес бекітіледі және күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде уәкілетті органға жіберіледі.

Мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген тізбелері, сондай-ақ оларға өзгерістер олар бекітілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 наурыздағы № 390-16қ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулыққа (бұдан

əрі – Нұсқаулық) сәйкес құпиялық, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпиялық режимінің сақталуы ескеріліп, мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Ішкі аудит қызметтері мемлекеттік аудит объектілерінің тізбелеріне өзгерістер енгізу негіздерін растайтын құжаттар (материалдар) қоса беріле отырып, оларға өзгерістер енгізуге жол беріледі.

Белгілі бір аудиторлық іс-шараны мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінен алып тастау қажет болған жағдайда аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға мемлекеттік органның басшысына, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкіміне тиісті негіздемесімен қызметтік жазба енгізеді.

Қызметтік жазбаны қарастыру қорытындысы бойынша мемлекеттік органның басшысы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі аудиторлық іс-шараны мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінен алып тастау туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 16.01.2023 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Ішкі аудит органдары тұрақты негізде мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген тізбесінің орындалу мониторингін жүргізеді.

17. Ішкі аудит қызметі есепті кезең қорытындысы бойынша мемлекеттік органның бірінші басшысына немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкіміне мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің орындалуы туралы ақпаратты ұсынады.

## 3-тарау. Жекелеген ішкі мемлекеттік аудитті жоспарлау тәртібі және оны жүргізу тәртібі

### 1-параграф. Аудиторлық іс-шара кезеңдері

18. Аудиторлық іс-шараны ұйымдастыру әрқайсысы белгілі бір міндеттердің орындалуымен сипатталатын мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) дайындық;

2) негізгі;

3) қорытынды.

19. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу, аудит жоспарын және бағдарламасын, аудиторлық нұсқауларды жасау, тексеруді тағайындау туралы акті болып табылатын аудиторлық іс-шара, үстеме тексерулер жүргізуге тапсырманы ( Тексеруді тағайындау туралы акт) (бұдан әрі – аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырма ), аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге тапсырма (бұдан әрі – аудиторлық тапсырма) жасау ішкі мемлекеттік аудит жүргізудің дайындық кезеңі болып табылады.

Жекелеген мемлекеттік аудитті жоспарлау кезінде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 110-бабына сәйкес жүргізілетін ағымдағы бақылау нәтижелері ескеріледі.

Аудиторлық іс-шараны жүргізу ішкі мемлекеттік аудит жүргізудің негізгі кезеңі болып табылады.

Ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша шешім қабылдау және құжаттарды жасау ішкі мемлекеттік аудит жүргізудің қорытынды кезеңі болып табылады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-параграф. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу**

20. Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу аудиторлық іс-шарамен қамтылатын қаражат пен активтердің көлемін, мемлекеттік аудит жүргізу мерзімін нақтылау, мемлекеттік аудит мәселелерін айқындау үшін жүргізіледі.

21. Мемлекеттік аудит түріне қарай Заңның 4-бабында айқындалған мемлекеттік аудит көрсеткіштері ескеріледі.

22. Аудит түріне және аудиторлық іс-шара мақсаттарына қарай мемлекеттік аудит объектісінің қызметі туралы ақпаратты талдау және бағалау негізінде алдын ала бағалау барысында осы Қағидалардың 21-тармағында көзделген мемлекеттік аудит көрсеткіштерінен басқа мынадай көрсеткіштер ескеріледі:

1) тәуекелдердің болуы және дәрежесі – тексерілетін салада және (немесе) мемлекеттік аудит объектісінің қызметінде бюджет қаражатын және активтерді қалыптастыру мен пайдалану кезінде мемлекеттік органның өз мақсаттарына қол жеткізуіне әсер ететін қандай да бір факторларды (әрекеттерді немесе оқиғаларды) айқындау және болуын растау;

2) мемлекеттік аудит объектісін тиімді басқаруға қол жеткізу үшін мемлекеттік аудит объектісінің басшысы қабылдайтын шаралар мен рәсімдер жүйесінің (ішкі бақылау жүйесі) мемлекеттік аудит объектісінде болуы және оның ахуалы – Заңда көзделген ішкі бақылау жүйесін және оның құрауыштарын ұйымдастыру тиімділігін алдын ала талдауды және оның дәрежесін бағалауды жүргізу, оның нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесінің қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ету жүйесінің қабілеті айқындалады.

23. Мәнділік және аудиторлық тәуекел көрсеткіштерінің есебі стандарттарына сәйкес айқындалады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

24-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Жиналатын ақпарат мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін нормативтік құқықтық реттеу, оның ұйымдық құрылымы, мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері, олардың есептілік тетіктері және ішкі бақылаудың бар жүйелері, бар тәуекелдер және ішкі мемлекеттік аудит мақсаттары үшін қажет өзге мәселелер жөніндегі деректерді қамтиды.

Ақпарат көздері:

1) алдыңғы, оның ішінде басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары тексерулерінің нәтижелері мен материалдары;

2) бюджет процесіне қатысушылар есептерінің материалдары;

3) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйелерінің деректері ;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары үйлестіру кеңесі отырыстарының материалдары;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және өзге атқарушы билік органдары отырыстарының материалдары;

6) Қазақстан Республикасының өкілді және атқарушы билік органдарының өтініштері;

7) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өтініштері;

8) бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары;

9) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

10) ақша қаражатының қозғалысы туралы деректер;

11) Қазақстан Республикасы сот органдарының электрондық сервисінен ақпарат;

12) өзге көздер болуы мүмкін.

25. Мемлекеттік аудит тобы аудиторлық іс-шараға дайындық кезеңінде:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында ішкі аудит қызметтері зерделейтін мәселелердің болжамды тізбесіне сай мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу үшін ақпарат көздерін талдауды жүргізеді;

2) қолжетімді көздерден, Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқордан ақпарат жинақтауды жүзеге асырады және қажет болған кезде мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеу үшін одан қосымша мәліметтер, ақпараттар, құжаттар (материалдар) сұратады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2019 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Осы Қағидалардың 21, 22, 23 және 24-тармақтарында көрсетілген, мемлекеттік аудит объектісінің бюджет қаражатын және ішкі активтерді қалыптастыруын және пайдалануын сипаттайтын ақпараттар мен көрсеткіштердің жиынтығын талдау және бағалау нәтижелері бойынша ішкі аудит қызметтері:

1) аудиторлық іс-шара барысында қамтуға жататын мәселелерді мемлекеттік аудиторлар арасында бөледі;

2) үстеме тексеру объектілерін айқындайды;

3) мемлекеттік аудит жүргізуге тартылатын мамандарды және оларға тапсыру үшін жоспарланатын мемлекеттік аудиттің нақты мәселелерін айқындайды;

4) режимдік объектілерде мемлекеттік аудит жүргізген жағдайда рұқсаттар алу мәселелерін пысықтайды.

26-1. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпарат осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Ескерту. Қағидалар 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-параграф. Аудит жоспарын және бағдарламасын, аудиторлық нұсқау мен тапсырмаларды жасау**

27. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу негізінде ішкі аудит қызметтері аудит объектісінде аудиторлық іс-шараны жүргізу басталғанға дейін аудит жоспары мен бағдарламасын, аудиторлық іс-шара жүргізуге аудиторлық нұсқаулар мен тапсырма жасайды.

Екі және одан көп мемлекеттік аудит объектілері аудиторлық іс-шарамен қамтылуға жататын болған жағдайда мемлекеттік аудит тобының жетекшісі аудит жоспарын осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды және аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғамен бекітіледі.

Аудит бағдарламасын ішкі мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор жасайды және аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітеді.

Екі және одан көп қатысушы аудиторлық іс-шараны жүргізген жағдайда аудиторлық тапсырма жасалады, мемлекеттік аудит тобының барлық мүшелері қол қояды және мемлекеттік аудит тобының жетекшісі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітеді.

Аудиторлық іс-шара жүргізуге нұсқау аудиторлық іс-шара, үстеме тексеру жүргізуге құқық беретін ресми құжат болып табылады және қатаң есептілік бланкісінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Аудиторлық іс-шара жүргізуге нұсқау мемлекеттік аудитор немесе мемлекеттік аудит тобының жетекшісі жасалады және аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғамен келісіледі, мемлекеттік органның басшысы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі не тиісті олардың орнындағы тұлғалар қол қояды .

28. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға аудиторлық іс-шараға шыққанға дейін (негізгі кезең) мемлекеттік аудит тобының қатысушыларымен техникалық оқыту (нұсқамалық) жүргізеді.

29. Аудит бағдарламасы мемлекеттік аудит көрсеткіштерін және әрбір көрсеткішке аудиторлық іс-шараның егжей-тегжейлі мәселелерін қамтиды.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Сәйкестік аудиттің бағдарламасын жасау кезінде мемлекеттік аудит объектісінің қызметін реттейтін және регламенттейтін мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, нормативтік құқықтық актілердің, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерінің ережелерін сақтау мәселелері көрсетіледі.

31. Тиімділік аудитінің бағдарламасы бюджет қаражатын және активтерді пайдаланудан алынған түпкілікті нәтижені анықтауға бағытталатынын есепке ала отырып, мемлекеттік аудит объектісінің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін адами, қаржылық және өзге ресурстарды пайдалану мәселелерін қамтиды.

32. Аудиторлық тапсырма аудиторлық іс-шара барысында қамтуға жататын нақты бағдарламалық мәселелерді, әрбір мемлекеттік аудит объектісінде аудит тобының қатысушылары арасында бөлінетін оларды қарау мерзімдерін қамтиды.

33. Ішкі аудит қызметтері нұсқауларды тіркеуді электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы жүзеге асырады.

**4-параграф. Аудиторлық іс-шараны жүргізу**

34. Қағидалардың 27-тармағының талаптарына сәйкес ресімделген аудиторлық іс-шара жүргізуге нұсқау аудиторлық іс-шараны жүргізу үшін негіз болып табылады.

35. Әрбір мемлекеттік аудит объектісіне аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған жеке тапсырма ресімделеді.

Аудиторлық іс-шараны жүргізуді бастамастан бұрын мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе оны алмастыратын тұлғаға:

1) аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге арналған тапсырма;

2) ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге уәкілетті лауазымды тұлғалардың қызметтік куәліктері;

3) Нұсқаулыққа сәйкес тәртіппен режимдік объектілерге баруға құзыретті органның рұқсаты ұсынылады.

36. Аудиторлық іс-шараны аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырмада көрсетілген тұлғалар ғана жүзеге асырады.

37. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды тұлғаға (тұлғаларына) аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырманы ұсынған күн аудиторлық іс-шараны жүргізудің басталуы болып табылады.

38. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе лауазымды тұлғаға аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырма берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор қол қойған мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпараттарды, құжаттарды ( материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап тапсырылады.

Қағидалардың осы тармағында көзделген талапқа бөлшек сызығы арқылы аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырма нөмірі беріледі және көрсетілген талаптың табыс етілген күні көрсетіледі.

Мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды ( материалдарды) ұсынуы жөніндегі талаптың бірінші данасы мемлекеттік аудит объектісі басшысының немесе лауазымды тұлғаның қолы қойылып тапсырылады. Қабылданбаған жағдайда мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы бойынша талап мемлекеттік аудит объектісінің кеңсесі арқылы мемлекеттік аудит (мемлекеттік аудитор) тобының жетекшісіне жіберіледі.

Мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды ( материалдарды) ұсынуы бойынша талаптың екінші данасы оның қабылданғаны туралы белгі қойылып, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделетін аудиторлық есепке қоса беріледі.

Аудиторлық іс-шараны жүргізген кезде қосымша құжаттарды, материалдарды, ақпаратты алу қажет болған және оларды мемлекеттік аудит объектісіне ұсынуға кедергі болған жағдайда, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор Қағидалардың осы тармағына сәйкес ресімделетін мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы жөнінде талап жібереді.

Үстеме тексеру жүргізілген кезде мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап мемлекеттік аудит объектісіне ол мемлекеттік аудитті жүргізуге кедергі келтірген жағдайда ұсынылады.

Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды тұлғалары мемлекеттік аудит объектісіне кіргізуден бас тартқан және (немесе) аудиторлық іс-шараны жүргізуге

кедергі келтірген жағдайларда мемлекеттік аудитор осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі жасау фактісі бойынша акті жасайды.

40. Осы Қағидалардың 39-тармағында көзделген жағдайларда мемлекеттік аудит тобының жетекшісі электрондық пошта (факс), пошта байланысы арқылы жазбаша және (немесе) қолма-қол осы фактілер туралы оларды жою бойынша шаралар қабылдайтын аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаны хабардар етеді.

41. Мемлекеттік аудит объектісі мемлекеттік аудитті жүргізуге кедергі келтіретін жағдайларды жоймаған кезде аудиторлық іс-шара үшін жауапты тұлға мемлекеттік органның бірінші басшысына, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкіміне мемлекеттік аудитті жүргізуге кедергі келтіретін себептерді толық жойғанға дейін аудиторлық іс-шараны тоқтата тұру туралы қолдаухат дайындайды.

42. Аудиторлық іс-шараны тоқтата тұру, қайта жаңарту, ішкі мемлекеттік аудит ауқымын, мемлекеттік аудит тобының қатысушыларын (құрамын) өзгерту туралы шешімді мемлекеттік органның басшысы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі қабылдайды және мемлекеттік аудит объектісін бір мезгілде хабардар ете отырып, ол тиісті актімен ресімделеді.

43. Мемлекеттік аудиторлар мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық стендіне мемлекеттік аудит объектісінде ішкі аудит қызметтері қызметкерлерінің аудиторлық іс-шараны жүргізіп жатқаны туралы ақпаратты орналастырады.

44. Аудиторлық іс-шара барысында аудит бағдарламасымен қамтылмаған, бірақ аудиторлық іс-шара нысанасын толық зерделеу үшін қажетті мәселелер туындаған кезде мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит тобының жетекшісімен келісу бойынша аудит бағдарламасына енгізілетін өзгерістер жобасының негіздемесі бар қызметтік жазбаны (бұдан әрі – қызметтік жазба) қалыптастырады және оны аудиторлық іс-шара жүргізуге жауапты тұлғаға жібереді.

Аудит бағдарламасында көзделмеген мәселелер бойынша аудиторлық іс-шараны жүргізудің орындылығы танылған кезінде, 1 (бір) жұмыс күн ішінде аудиторлық іс-шараны өткізуге жауапты тұлғамен өзгертулердің негіздемесі бекітіледі.

Қосымша мәселелер бойынша материалдарды мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы бойынша қосымша жіберілген талаптар негізінде мемлекеттік аудит объектісі ұсынады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 08.08.2022 № 800 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімін ұзарту қажет болған кезде мерзім ол аяқталғанға дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні қалғанда ұзартылады және аудиторлық

іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаның жазбаша қолдаухаты бойынша мемлекеттік органның бірінші басшысының тиісті актісімен, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі ресімдейді.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында аудит жоспарына, аудит бағдарламасы мен аудиторлық тапсырмаға өзгерістер енгізу:

аудит жоспары мен бағдарламасына -жүргізілетін аудиторлық іс-шара барысында 2 (екі) реттен асырмай өзгерістер енгізу негіздемелерін көрсете отырып, аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты адамның атына мемлекеттік аудит тобы басшысының қызметтік жазбасының негізінде;

аудиторлық тапсырмаға – аудит жоспары мен аудит бағдарламасына өзгерістер енгізілген кезде мемлекеттік аудит тобы басшысының атына мемлекеттік аудитордың қызметтік жазбахаты негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 08.08.2022 № 800 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Аудиторлық іс-шараны жүргізу кезінде қойылған мақсатқа, нысанасы мен аудиторлық іс-шара мәселелеріне сәйкес аудиторлық дәлелдемелерді қалыптастыру үшін қажетті іс жүзіндегі деректерді жинау, талдау жүргізіледі.

Іс жүзіндегі деректерді жинау мынадай тәсілдермен жүргізіледі:

1) бір рет;

2) белгілі бір уақыт аралығындағы үздіксіз процесс арқылы;

3) аудиторлық іс-шараны жүргізудің бүкіл мерзімі ішінде.

Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында жиналған аудиторлық дәлелдемелер мемлекеттік аудит объектісінде анықталған нормативтік құқықтық актілер бұзушылықтарының негізділігін қамтамасыз етеді. Жиналған аудиторлық дәлелдемелер негізінде аудиторлық іс-шара қорытындысы бойынша ішкі аудит нәтижелері туралы есепте тұжырымдар мен ұсынымдар қалыптасады.

48. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырмаға сәйкес жүргізілетін мемлекеттік аудит барысында мемлекеттік аудит тобын басқаратын мемлекеттік аудитор (лар) (топ басшысы), мемлекеттік аудитордың ассистенттері және тартылатын сарапшылар, тиісті бейін бойынша мамандар мемлекеттік аудит объектісінің басшысы уәкілеттік берген адаммен бірлесіп, іс жүзінде тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету тұрғысынан аудиторлық дәлелдемелер жинау және ( немесе) олардың шынайылығын растау үшін бақылау өлшемін тексеруді қарап (бұдан әрі – бақылау өлшемі (қарап тексеру) жүргізеді. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өнім берушісінің (мердігердің құрылыс-монтаж жұмыстары

(бұдан әрі - ҚМЖ), авторлық қадағалау және техникалық қадағалау бойынша) бақылау өлшемінде (қарап тексеруге) қатысуы қажет болған жағдайда оның қатысуын мемлекеттік аудит объектісінің басшысы немесе оның міндеттерін атқарушы тұлға қамтамасыз етеді.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Бақылау өлшемі (қарап тексеру) қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада күні, орны, мақсаты, нәтижелері мен оны жүргізуге қатысқан тұлғаларды көрсете отырып, ішкі мемлекеттік аудит органының қызметкері (лері) (сарапшы, маман), мемлекеттік аудитордың, мемлекеттік аудитор ассистентінің және тартылатын сарапшылардың, мамандардың тегі, аты, әкесінің аты ( ол болған жағдайда), лауазымы көрсетіле отырып, аудит объектісі өкілдерінің, тапсырыс берушінің, қажет болған жағдайда тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өнім берушісінің (мердігердің ҚМЖ, авторлық қадағалау және техникалық қадағалау бойынша) қатысуымен оған аяқталу күніне қарай қол қойылады. Қол қойылған актінің бір данасы мемлекеттік аудиторда қалады, ал екінші дана мемлекеттік аудит объектісіне беріледі. Бақылау өлшемі (қарап тексеру) нәтижелерін мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит объектісінде жасалатын аудиторлық есепте міндетті түрде көрсетеді.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Бақылау өлшемін (қарап тексеру) жүргізуге қатысқан тұлғалар Бақылау өлшемі (қарап тексеру) актісіне қол қоюдан бас тарқан жағдайда онда қол қоюдан бас тарту туралы белгі қойылады. Жүргізілген бақылау өлшемі нәтижелерін растайтын тиісті негіздемелер (аудиторлық дәлелдемелер) болған кезде бақылау өлшемі (қарап тексеру) актісіне қол қоюдан бас тарту аудиторлық есепке өлшем (қарап тексеру) нәтижелерін енгізуден бас тарту үшін негіз болып табылмайды.

51. Мемлекеттік аудиторлар мемлекеттік аудит тобының жетекшісіне күн сайын ауызша есеп береді. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудиторлардың жұмысын үйлестіреді, аудиторлық іс-шара мәселелерінің толық қамтылуына мониторинг жүргізеді, аудиторлық іс-шараның жекелеген бағыттарын түзетеді, мемлекеттік аудит тобында туындайтын проблемалық мәселелерді шешеді.

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі, мемлекеттік аудитор апта сайын аптаның соңғы жұмыс күні, аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаға есепті күні толтырылған (жасалған) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудит бағдарламасының орындалу барысы туралы апта сайынғы есепті жібереді.

52. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі аудиторлық іс-шараға қатысқан мемлекеттік аудиторлардың, мамандардың және ішкі аудит қызметтерінің мемлекеттік аудиторлары ассистенттерінің мемлекеттік аудитті жүргізу барысында қызметтік міндеттерін орындамау жағдайлары және атқарушылық, еңбек тәртібін бұзушылық фактілері, "Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 18-НҚ нормативтік қаулысы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 601 бірлескен бұйрығымен ( Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 12575 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларын сақтамау жағдайлары туралы аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаны жазбаша түрде хабардар етеді.

Аудиторлық іс-шараға жауапты тұлға өз кезегінде мемлекеттік органның немесе облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі аппаратының басшысына тәртіптік сипаттағы шараларды қабылдау үшін көрсетілген фактілер туралы жазбаша түрде хабарлайды.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.03.2021 № 267 бұйрығымен.

53. Режимді мекемелерде аудиторлық іс-шараларды жүргізуге байланысты құпия материалдарды зерделеу мен талдау Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

### 5-параграф. Аудиторлық іс шараларды жүргізуге сарапшыларды, мамандарды тарту

54. Ішкі аудит қызметі қажет болған кезде мемлекеттік аудит тобының құрамына мемлекеттік органның және (немесе) оның аумақтық бөлімшелерінің және ведомстволық бағынысты ұйымдары құрылымының қызметкерлерін тартады.

55. Сапалы аудиторлық іс-шараны қамтамасыз ету және арнайы білімді талап ететін мемлекеттік аудит мәселелері бойынша тәуелсіз сараптама қорытындыларымен мемлекеттік аудит нәтижелерін растау мамандарды тартудың мақсаты болып табылады .

56. Мамандарды тарту қажеттілігі мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру кезінде айқындалады.

57. Мемлекеттік органдардың мамандары жоспарланған аудиторлық іс-шара нысанасын, мамандардың саны мен біліктілігін, аудиторлық іс-шараны немесе сараптаманы жүргізу мерзімі мен кезеңін көрсете отырып мемлекеттік орган және ( немесе) ұйым басшысының атына хат негізінде тартылады.

### 6-параграф. Үстеме тексеруді жүзеге асыру

58. Мемлекеттік аудиттің негізгі объектілері қызметін алдын ала зерделеу барысында аудиттің жоспары мен бағдарламасына енгізілетін үстеме тексерудің ықтимал объектілері айқындалады. Егер аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында үстеме тексеру жүргізу үшін негіздер пайда болса, онда аудиторлық тапсырмаларға аудит жоспары мен бағдарламасына өзгерістер енгізілмей, тиісті толықтырулар енгізіледі.

59. Үстеме тексеру жүргізу үшін әрбір мемлекеттік аудиттің объектісіне жеке тапсырма ресімделеді.

60. Үстеме тексеру нәтижелері осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үстеме тексеру актісі ресімделеді. Үстеме тексеру жүргізген мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит объектісінің басшысына (лауазымды тұлғаға) таныстыру үшін үстеме тексеру аяқталған күні екі данада үстеме тексеру актісін ұсынады. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы аудиторлық есеппен таныстыруды және оған қол қоюды ол аяқталған күні жүргізеді.

61. Үстеме тексеру жүргізілген жағдайда оның нәтижелерін мемлекеттік аудитор негізгі мемлекеттік аудит объектісінде жасалатын аудиторлық есепте міндетті түрде көрсетеді.

## 4-тарау. Ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша шешім қабылдау және құжаттарды жасау тәртібі

### 1-параграф. Аудиторлық есептерді жасау және ресімдеу

62. Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша аудиторлық есеп – мемлекеттік аудитті тікелей жүргізген мемлекеттік аудиторлар жасаған, белгілі бір уақыт кезеңі үшін жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижелерін қамтитын құжат ресімделеді.

63. Мемлекеттік аудит жүргізілген мемлекеттік аудит объектілерінің әрқайсысы бойынша аудиторлық іс-шара нәтижелері 7-қосымшаға сәйкес сәйкестік аудиті бойынша аудиторлық есеппен және 7-1-қосымшаға сәйкес тиімділік аудиті бойынша аудиторлық есеппен рәсімделеді.

Аудиторлық есепке:

1) ішкі мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды ( материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап;

2) ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізілімі;

3) анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер фактілерін растайтын құжаттардың, анықтамалардың, кестелердің, фотосуреттердің түпнұсқалары немесе тиісінше куәландырылған көшірмелері;

4) функционалдық және лауазымдық міндеттері негізінде жіберілген бұзушылықтарға қатысы бар тұлғалардың жазбаша түсініктемелері (қажет болғанда);

5) бақылау өлшемі (қарап тексеру) актілері (олар жасалған жағдайда);

6) зерттеулердің (сынақтардың және тағы басқалар), сараптамалардың қорытындылары, хаттамалардың көшірмелері, ішкі мемлекеттік аудит нәтижелерімен байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар жасалған жағдайда);

7) мемлекеттік органдар мамандарының сарапшылардың (олар тартылған жағдайда) сараптамалық қорытындылары;

8) ішкі мемлекеттік аудитке ұшыраған құжаттар тізбесі, олардың деректемелері және аудиторлық іріктеудің негіздемесі көрсетіле отырып, олардың негізінде қалыптастырылған қорытындылар;

9) басқа құжаттар қоса беріледі.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2019 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

64. Аудиторлық есеп құрылымы аудит бағдарламасының және аудиторлық тапсырмалардың дәйектілігі мен сұрақтар тізбесіне қатаң сәйкестігін, онда жазылған мәліметтердің дұрыстығын, объективтігін қамтамасыз етеді, аудит бағдарламасының әрбір сұрағына жауаптар толық, дәл, объективті және қисынды жазылады.

65. Анықталған жетіспеушіліктер мен бұзушылықтар аудиторлық есептегі жазулардың дәйектілігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларының деректемелеріне, сондай-ақ ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына қажетті сілтемелерді көрсете отырып, объективті және дәл сипатталады.

Егер аудит бағдарламасы мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған болса, аудиторлық есепте мынадай жазба жасалады: "Бағдарлама (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған." және негізінде осы қорытындылар тұжырымдалған ішкі мемлекеттік аудитке ұшыраған деректемелер тізбектеледі.

66. Әрбір бұзушылық фактісі, сондай-ақ анықталған кемшіліктер ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына сілтеме жасаумен бұзушылықтың сипаты мен түрі сипаттала отырып, жекелеген тармақпен тіркеледі және толассыз тәртіппен нөмірленеді. Бұзушылық сипаттамасында бұзушылықтарды растаушы құжаттардың деректемелері мен атауларына сілтеме жасалады.

67. Аудиторлық есепке олардың ажырамас бөлігі болып табылатын аудиторлық дәлелдемелер қоса беріледі.

Аудиторлық есепке есепке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері белгіленген тәртіппен, уәкілетті лауазымды тұлғалардың қол қоюымен, мөрімен немесе (болған жағдайда) мемлекеттік аудит объектісінің мөртаңбасымен расталады. Аудиторлық есепте олардың реттік нөмірі, парақ саны көрсетіле отырып, қосымшаларына сілтемелер көрсетіледі.

68. Аудиторлық есепке тиісті аудиторлық дәлелдемелермен және (немесе) өзге де құжаттармен және ақпаратпен расталмаған фактілерді, тұжырымдарды енгізуге жол берілмейді.

69. Аудиторлық есепте жазылған бұзушылықтарды растайтын құжаттардың және ( немесе) өзге де ақпараттың болмауы стандарттарды бұзу болып табылады.

70. Аудиторлық есеп 2 (екі) данада жасалады және танысу және қол қою үшін мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе оны алмастыратын тұлғаға:

1) жүргізу мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнін құрайтын аудиторлық іс-шаралар бойынша – мемлекеттік аудит объектісіндегі аудиторлық іс-шара аяқталғанша кемінде 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей (үстеме тексерулердің аудиторлық есептерін, бақылау өлшемдерінің (қарап тексерулерінің) актісін қоспағанда);

2) мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнінен асатын аудиторлық іс-шара жүргізілген кезде – мемлекеттік аудит объектісіндегі аудиторлық іс-шара аяқталғанша кемінде 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Аудиторлық есептің барлық беттеріне мемлекеттік аудиторлар және мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды тұлға қол қояды.

72. Аудиторлық есепке ассистентті қоспағанда, мемлекеттік аудит тобының барлық мүшелері, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің басшысы және оны алмастыратын тұлға мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шара аяқталған күннен кешіктірмей қол қояды.

Аудиторлық іс-шара нәтижелерімен келіспеген кезде аудиторлық есепке мемлекеттік аудит объектісінің басшысы қарсылықтардың бар екені туралы ескертпемен қол қояды.

Аудиторлық есепке жазбаша қарсылықтар қол қойылған аудиторлық есеп ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ішкі аудит қызметіне жіберіледі.

Ескерту. 72-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

72-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72-1. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы аудиторлық есебін алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйелер және/немесе электрондық пошта, сондай-ақ пошта байланысы арқылы мүдделері мемлекеттік аудиттің аудиторлық іс-шаралары қозғаған кәсіпкерлік субъектілерінің және өзге де тұлғалардың анықталған қаржылық бұзушылықтары туралы хабардар етеді.

Мүдделері аудиторлық іс-шаралармен қозғалған кәсіпкерлік субъектілері және өзге де тұлғалар анықталған бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өз ұстанымын (қарсылықтарын) мемлекеттік аудит объектісіне жібереді.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген тұлғалардың ұстанымын (қарсылықтарын) мемлекеттік аудит объектісі Заңның 37-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мерзім шегінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына жібереді және ол мемлекеттік аудит объектісінің қарсылықтарымен бірге қаралады.

Мемлекеттік аудит және тәуекелдер жөніндегі кеңеске (бұдан әрі – Кеңес) қарсылық берген кезде мемлекеттік аудит объектісі кәсіпкерлік субъектілерінің және өзге де тұлғалардың аудиторлық есепке берілген ескертулерін ескереді.

Ескерту. Қағидалар 72-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 08.12.2025 № 755 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Қол қойылған аудиторлық есеп ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні өткен соң түскен аудиторлық есепке қарсылықтар қарастыруға жатпайды.

Аудиторлық есепке наразылықты қарау және оған жауапты жолдау мерзімі наразылық тіркелген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнінен аспайды.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Аудиторлық есепке келіп түскен қарсылықтар мен оларға уәжделген жауаптар міндетті түрде аудиторлық іс-шара материалдарына қосылады.

75. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы немесе оны алмастыратын тұлға аудиторлық есеппен танысудан немесе аудиторлық есепке қол қоюдан бас тартқан кезде мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит объектісі лауазымды тұлғаның танысудан және (немесе) қол қоюдан бас тартуы туралы аудиторлық есепте тиісті жазба жүргізеді және есеп аудит объектісінің кеңсесі арқылы жіберіледі.

76. Мемлекеттік аудитор немесе мемлекеттік аудит тобының жетекшісі аудиторлық іс-шара аяқталғаннан кейін немесе іссапардан келген күнінен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде аудиторлық іс-шара материалдарын тізімдемеде құжаттардың атаулары мен парақ сандарын көрсете отырып, жинақтау папкасына қалыптастырады.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-параграф. Ішкі аудит нәтижелері туралы есепті жасау және ресімдеу**

77 Ішкі аудит қызметі жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ішкі аудит нәтижелері туралы есеп ресімделеді, ол анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер жөніндегі тұжырымды, жұмыс тиімділігін арттыру, мемлекеттік аудит объектісі қызметінің түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ішкі рәсімдерді, қағидаларды, процестерді жақсарту бойынша ұсынымдарды қамтиды.

Ұсынымдарды қарау және бұзушылықтардың жойылғаны туралы шешімнің (өкімнің) жобасымен ішкі аудит нәтижелері туралы есеп орталық мемлекеттік органның бірінші басшысына немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкіміне немесе олардың міндетін атқарушы тұлғаларға наразылық қарау нәтижесі бойынша шешім қабылдағанша немесе мемлекеттік аудит объектісіндегі аудиторлық іс-шара аяқталғанша 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады.

Орталық мемлекеттік органның бірінші басшысының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімінің ұсынымдарды қарау және бұзушылықтардың жойылғаны туралы шешімі (өкімі) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Ескерту. 77-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

78. Ішкі аудит нәтижелері туралы есепке ішкі аудит қызметі қарамаған мемлекеттік аудит объектісінің қарсылығы бар бұзушылықтар және жетіспеушілік фактілерін енгізуге жол берілмейді.

79. Ұсынымдарды қарау және бұзушылықтардың жойылғаны туралы шешім (өкім) және ішкі аудит нәтижелері туралы есеп орталық мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі шешім (өкім) қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісіне жіберіледі.

Бір мезгілде аудит объектісінің басшысы ішкі аудит нәтижелері туралы есептегі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою және ұсынымдарды қарау туралы ақпаратты уақтылы ұсынуға міндетті.

Ескерту. 79-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-параграф. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдары бойынша есептілік**

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

80-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе аудиторлық іс-шараны жүргізген мемлекеттік аудитор анықталған бұзушылықтарды жою туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне мемлекеттік аудит материалдарын енгізеді.

Мемлекеттік аудит материалдары Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 7-НҚ Нормативтік қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12459 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу қағидаларында анықталған тәртіппен және мерзімде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқорда одан әрі орналастыру үшін уәкілетті органға беріледі.

81. Мемлекеттік құпияларды қамтитын аудиторлық іс-шара материалдары "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ескеріледі және сақталады.

82. Ішкі аудит қызметтері ведомствоға Заңның 15-бабына сәйкес жүргізілген мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау жөніндегі есептілік ақпаратты есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-і күніне дейінгі мерзімде жібереді.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**4-параграф. Қаржылық бақылауды жүзеге асыру**

83. Қаржылық бақылауды Заңның 5-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес өзге де Қазақстан Республикасы заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген құзыреті шегінде бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру жолымен қалпына келтіру және (немесе) анықталған

бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету және (немесе) азайту, нұсқамаларды орындау және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту арқылы ішкі мемлекеттік аудит қызметі жүзеге асырады.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 08.12.2025 № 755 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Мемлекеттік аудит объектісі лауазымды тұлғаларының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда, ішкі аудит қызметтері материалдарды тиісті аудиторлық дәлелдемелерімен бірге құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және ( немесе) қарауға уәкілеттік берілген органдарға береді.

Берілетін материалдарда:

1) мемлекеттік органның басшысы, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана қол қойған бұзушылық фактілері туралы ілеспе хат;

2) мемлекеттік аудит объектісінің басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған аудиторлық есептердің көшірмелері;

3) анықталған фактілерге жататын аудит материалдарына қосылған аудиторлық дәлелдемелердің, мемлекеттік аудит объектісі қызметкерлерінің жазбаша түсініктемелерінің және қарсылықтарының (болған кезде) көшірмелері қамтылуы тиіс.

85. Нормативтік құқықтарға, ішкі аудит қызметтерінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі Заңның 60-бабымен айқындалған.

## 5-параграф. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері бойынша қабылданатын құжаттар мониторингі

86. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты лауазымды тұлға тұрақты және жүйелі негізде аудиторлық қорытынды мен ішкі аудит нәтижелері туралы есепте берілген ұсынымдарды қарау нәтижелері туралы ақпараттың және мемлекеттік аудит объектісі және өзге мүдделі мемлекеттік органдар жіберетін растаушы құжаттардың толықтығына және уақтылығына мониторингті жүзеге асырады.

87. Ішкі аудит нәтижелері туралы есепте берілген ұсынымдарды қарау нәтижелері туралы ақпаратты мемлекеттік аудит объектісі және өзге де мүдделі тұлғалар растау құжаттарын қоса бере отырып, тиісті құжаттарда көрсетілген мерзімдерде ішкі аудит қызметтеріне жібереді.

88. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға мемлекеттік аудит объектісінен ақпаратты (растаушы құжаттарды) алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісінің ұсынымдарды орындау толықтығына талдау жүргізеді.

Бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды жеткізу және (немесе) есепке алу бойынша анықталған бұзушылықтардың

сомасын көрсету және (немесе) азайту және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту жолымен қалпына келтіру арқылы ұсынымдарды толық қарастырған және бұзушылықтарды жойған жағдайда осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шараның аяқталуы туралы есеп жасалады және мемлекеттік аудит тобының басшысы қол қояды.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 08.12.2025 № 755 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Ішкі аудит қызметі аудиторлық іс-шаралардың материалдарын есепке алуды, сақтауды және мұрағатқа тапсыруды қамтамасыз етеді.

## 5-тарау. Қорытынды ережелер

### 1-параграф. Сапа бақылауы

90. Ішкі аудит қызметтері құжаттарының сапасын бақылауды ведомство және оның аумақтық бөлімшелері тоқсан сайын:

есепті кезеңде ішкі аудит қызметтері жүргізген аудиторлық іс-шаралардың жалпы санының 30 (отыз) пайызы көлемінде тиімділік аудиті бойынша;

100 (жүз) пайыз көлемінде сәйкестік аудиті бойынша жүзеге асырады.

Қағидалардың осы тармағына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Ішкі аудит қызметтері жүргізген мемлекеттік сәйкестік аудитінің нәтижелері бойынша құжаттардың сапасын бақылау мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне енгізу үшін сұрау салулары бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91. Ведомство Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ішкі аудит қызметін және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ішкі аудит қызметін, орталық мемлекеттік органдар ведомстволарын қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың ішкі аудит қызметтерінің стандарттарды және Қағидаларды сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

Ведомствоның аумақтық бөлімшелері облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық бағынысты аумақтық органдарының ішкі аудит қызметтерінің стандарттарды және Қағидаларды сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 (06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы

министрінің 07.10.2024 № 672 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

92. Ішкі аудит қызметінің құжаттарына сапа бақылауын жүргізу үшін аудиторлық іс-шараларды іріктеу мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) уәкілетті орган тапсырмаларының сапалы орындалмауы және орындалу мерзімдерінің бұзылуы;

2) ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданған құжаттарға шағымдану туралы, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінде көзделген тәртіпте ұсынылған жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік аудит объектілерінің өтініштері мен шағымдарының болуы;

3) ішкі аудит қызметінің жұмысын тиімділігін бағалау нәтижелері;

4) ішкі аудит қызметі ұсынатын есептілікті талдау нәтижелері;

5) мемлекеттік аудит объектісі қызметінде жұмыс тиімділігін арттыру, түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ішкі аудит қызметі ішкі рәсімдерді, қағидаларды, процестерді жақсарту бойынша ұсынымдарды орындау толықтығы.

Ескерту. 92-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. Сапа бақылауын жүргізу үшін материалдарды іріктеуді уәкілетті орган мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқор арқылы немесе мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқорда материалдар болмаған жағдайда ішкі аудит қызметіне белгіленген мерзімде аудиторлық іс-шаралар материалдарын уәкілетті органға ұсыну туралы сұрау салу жолымен жүзеге асырады.

94. Ішкі аудит қызметтерінің бір аудиторлық іс-шарасына сапа бақылауын жүргізу ұзақтығы ведомствоға немесе оның аумақтық бөлімшесіне аудиторлық іс-шараның барлық құжаттары түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайды.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

95. Сапаны бақылау мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) аудиторлық іс-шараны ұйымдастырудың дайындық кезеңіне қойылатын талаптарды сақтау;

2) аудиторлық іс-шараны аяқтау және аудиторлық есепке қол қою мерзімін сақтау;

3) аудиторлық есептің белгіленген нысанға және құрылымға сәйкестігі;

4) аудиторлық есеп мазмұнының стандарттарға және Қағидаларға сәйкестігі, оның ішінде:

жүргізілген аудиторлық іс-шара мақсатының аудит жоспарында көрсетілген мақсатқа сәйкестігі;

аудит бағдарламасының мәселелерін қамту және ашу толықтығы;

аудит жоспарында және бағдарламасында көрсетілмеген мәселелер және бюджеттік бағдарламалар бойынша аудитті жүзеге асыру фактілерінің болуы;

аудитпен қамтылатын кезеңді сақтау;

қарсы тексеру жүргізу үшін негіздерді сақтау;

бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезде аудит нәтижелерін ресімдеуге қойылатын талаптарды сақтау;

анықталған бұзушылықтарды көрсету кезінде заңнаманы қолданудың дұрыстығы, талаптары бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтарына және тармақшаларына қажетті сілтемелердің болуы;

бұзушылықтар фактілерін баяндаудың нақтылығы мен айқындығы;

көрсетілген бұзушылықтар фактілерінің объективтілігі, анықталған бұзушылықтар фактілерін растайтын құжаттардың болуы және аудиторлық есепте сілтеме жасалған жазбалардың дұрыстығы;

мемлекеттік аудит нәтижелерін аудиторлық дәлелдемелермен растау;

бақылау өлшемі (қарап тексеру) актілерінің болуы, қажет болған кезде оларды жасау;

осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған аудиторлық есеп пен бұзушылықтар тізілімі мазмұнының сәйкестігі, әрбір бұзушылықты жеке тармақпен нөмірлеу және тіркеу туралы талаптарды сақтауы;

бұрынғы тексеру нәтижелері және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметтерді көрсету;

5) қаржылық бақылаудың ден қою шараларының негізділігі және уақтылы қабылдануы, мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған қаржылық бұзушылықтар сомасын қалпына келтіру және бюджетке өтеу жөніндегі шараларды растайтын құжаттарды тану;

6) тиімділік аудиті рәсімін жүргізудің толықтығы, мемлекеттік аудит объектісінің қызметін бағалаудың және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін арттыру үшін ұсынымдардың болуы.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

95-1. Егер мынадай бұзушылықтардың бірі анықталған жағдайларда аудиторлық есеп стандарттарға сәйкес келмейді деп танылады:

1) ішкі мемлекеттік аудит жүргізу бағдарламасымен бекітілген кезең мен мәселелердің жалпы санының жүз пайызын толық қамтуды қамтамасыз етпеуі;

2) бекітілген ішкі мемлекеттік аудит жүргізу бағдарламасында көзделген отыз және одан да көп пайызын толық талдауды (объективті және жан-жақты қарау) қамтамасыз етпеуі;

3) мемлекеттік органдар мен заңды тұлғаларға осындай органдар мен заңды тұлағалардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша сұрау салуларға алынған түсіндірулер негізінде қалыптастырылған сапа бақылауының нәтижелері бойынша қорытындыларды қоспағанда, объективті, дәйекті, тиісті және жеткілікті аудиторлық дәлелдердің болмауына байланысты аудиторлық есепте көрсетілген бұзушылықтар тармақтарының (жиынтықта қаржылық және (немесе) рәсімдік сипаттағы) жалпы санының жиырма және одан да көп пайызын растамау;

4) Заңның 15-бабының 12)-тармақшасымен сәйкес жоспардан тыс аудит үшін негіз болған, құжатта мазмұндалған мәселелердің жалпы санының жүз пайызын толық қамтуды және талдауды (объективті және жан-жақты қарау) қамтамасыз етпеуі;

5) сапа бақылауын жүргізу кезінде үш және одан да көп жағдайларда (фактілер) жүргізілген аудиторлық іс-шарамен анықталмаған қаржылық бұзушылықтардың анықталуы;

6) сапа бақылауын жүргізу кезінде жүргізілген аудиторлық іс-шарамен анықталмаған, ішкі мемлекеттік аудит нәтижелеріне немесе мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мақсаттарына қол жеткізуге әсер еткен рәсімдік сипаттағы бұзушылықтардың анықталуы;

7) мемлекеттік аудит көрсеткіштерінің жалпы санының отыз және одан да көп пайызында тиімділік аудитінің немесе сәйкестік аудитінің көрсеткіштеріне сәйкестігі тұрғысынан мемлекеттік аудит саласын немесе аудит объектісінің қызметін бағалаудың болмауы;

8) жүргізілген аудиттің түріне байланысты жалпы және рәсімдік стандарттардың, ішкі мемлекеттік аудит жүргізуді регламенттейтін Қағидалардың, нормативтік құқықтық және құқықтық құжаттардың белгіленген талаптарын сақтамау.

Ескерту. 1-параграф 95-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2019 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

96. Ішкі аудит қызметінің аудиторлық іс-шара сапасына бақылау қорытындысын сапа бақылауын жүргізген қызметкер жасайды және қол қояды және ведомствоның құрылымдық (аумақтық) бөлімшесінің басшысы бекітеді.

Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

97. Ішкі аудит қызметі сапаны бақылау нәтижелерімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде белгіленген тәртіппен оларға шағымданады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

98-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

98. Сапаны бақылау нәтижелерін ведомство немесе оның аумақтық бөлімшелері ведомствоның ақпараттық жүйесінде және бірыңғай мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау дерекқорында орналастырады.

Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2021 № 677 ( 06.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. Ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыру кезінде мемлекеттік аудиторлар мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың негізгі қағидаттары мен стандарттарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дербес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылықта болады.

**2-параграф. Мемлекеттік аудит және тәуекелдер жөніндегі кеңестің негізгі міндеттері және оның қызметін ұйымдастыру**

100. Кеңес консультативтік-кеңесші орган нысанында құрылады және ол туралы ереже негізінде әрекет етеді.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 08.12.2025 № 755 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Кеңестің қызметін мемлекеттік органның бірінші басшысы болып табылатын Кеңестің төрағасы (бұдан әрі – төраға) басқарады.

102. Кеңестің құрамы мемлекеттік органның бірінші басшысының, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен бекітіледі.

Мемлекеттік органдар кеңесінің құрамына аппарат басшысы, құрылымдық бөлімшелердің және ведомстволардың басшылары (олар болған жағдайда), ішкі аудит қызметінің басшысы, мінсіз іскерлік беделі бар, сондай-ақ мемлекеттік орган қызметінің тиісіті саласында кемінде 5 жылдан кем емес өтілі бар сыртқы тәуелсіз сертификатталған сарапшылар кіреді.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.03.2021 № 267 бұйрығымен.

103. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) ішкі мемлекеттік аудит мәселелері жөнінде туындаған келіспеушіліктерді ( уәкілетті орган жүргізген ішкі мемлекеттік аудит нәтижелерімен, сапа бақылауы және ішкі аудит қызметтерінің жұмыс тиімділігін бағалау нәтижелерімен келіспеу туралы мемлекеттік аудит объектісінің қарсылықтары) шешу;

2) құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіру, мемлекеттік ішкі аудитті жоспарлау және жүргізу кезінде ресурстарды бөлу, ақпараттық жәрдем көрсету мәселелерін қарау;

3) мемлекеттік аудит және тәуекелдер бойынша ұсынымдарды, ішкі аудит қызметінің есептерін және осы ұсынымдарды іске асыру мониторингін қарау;

4) уәкілетті органға мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу ;

5) мемлекеттік органның қызметін жетілдіруге бағытталған басқа да мәселелерді қарау болып табылады.

104. Кеңестің шешімі хаттама түрінде ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады .

Кеңестің шешімі мүдделер қақтығысы қағидатын есепке ала отырып қабылданады.

Кеңес шешімі оған қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның интернет ресурсында жариялануға жатады.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. Төраға Кеңестің кезекті және кезектен тыс отырыстарына шақырады, отырыс хаттамаларына қол қояды.

106. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру мәселелері мемлекеттік органның ішкі аудит қызметінің қызметкері болып табылатын Кеңестің хатшысына (бұдан әрі – хатшы) жүктеледі.

107. Кеңестің отырысы жылына кемінде екі рет жүргізіледі. Өткізудің күнін, уақыты мен күн тәртібін Кеңес мүшелерінің пікірін ескере отырып, төраға айқындайды .

108. Кеңес отырысының хаттамалары қағаз және электрондық жеткізгіште хатшыда сақталады.

109. Кеңес мүшесі:

1) Кеңестің материалдарына қолжетімділігі бар;

2) Кеңес отырысына енгізілетін материалдарды талқылауға қатысады;

3) Кеңес отырысында қарауды және талқылауды талап ететін мәселелерге бастамашылық жасайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ішкі аудит қызметтерінің ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

**Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында ішкі аудит қызметтері зерделейтін мәселелердің болжамды тізбесі**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| **Мәселелер** | **Ақпарат көздері** |
|---|---|
| 1 | 2 |
| 1. Сәйкестік аудиті (жалпы мәселелер) | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер, ақпараттық-құқықтық жүйелер |
| | Аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Ереже, Жарғы және аудит объектісінің қызметін реттейтін өзге де құжаттар) |
| | Аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық тәуелді ұйымдарды қоса алғанда, мемлекеттік аудит объектісінің құрылымы |
| | Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюын растайтын құжаттар |
| Алдыңғы мемлекеттік аудит (бақылау) және тексеріс нәтижелері | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, құқық қорғау органдарының және басқа да бақылау және қадағалау органдарының актілері, мемлекеттік аудит объектісін тексеру қорытындылары бойынша қабылдаған шаралар |
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджетті уақтылы және сапалы атқаруы | Бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілері бойынша тиісті есеп жылына арналған мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есеп (бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынатын ақпарат, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары) |
| Мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәсілдері, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер номенклатурасы, бюджеттен бөлінген қаражат шегінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу мерзімдері | Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары, нақтыланған мемлекеттік сатып алу жоспары (ақпараттық жүйелер) |
| Мемлекеттік аудит объектісі туралы жинақталған ақпарат | Тексерілетін мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық базасы, ресми статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдары мен басқа да көздердің деректері |
| | Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік аудит объектілерінің лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) қатысты (болған кезде) өтініштері (шағымдары) |
| 2. Тиімділік аудиті (жалпы мәселелер) | |
| | |

| | |
|---|---|
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер ( ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| | Аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Ереже, Жарғы және аудит объектісінің қызметін реттейтін өзге де құжаттар) (ақпараттық-құқықтық жүйе) |
| | Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюын растайтын құжаттар |
| Алдыңғы мемлекеттік аудит (бақылау) және тексеріс нәтижелері | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, құқық қорғау органдарының және басқа да бақылау және қадағалау органдарының актілері, мемлекеттік аудит объектісін тексеру қорытындылары бойынша қабылдаған шаралар |
| Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің нәтижелері мен проблемалары | Мемлекеттік аудит объектісі дайындаған ішкі есептілік, талдамалы жазбалар мен шолулар |
| | Ақпараттың ішкі көздері (ресми статистикалық деректер, бағдарлама нысанасына, бұқаралық ақпарат құралдарына байланысты проблемалармен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарының материалдары). Мемлекеттік аудиттің тексерілетін объектісінің ақпараттық дерекқоры |
| Облыстарды, республикалық маңызы бар қалаларды , астананы дамыту жоспарларын қаржылық қамтамасыз ету | бюджет шығыстарымен өзара байланыстыра отырып, мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары |
| Негізгі іс-қимылдарды жүзеге асыру және бағдарламаны іске асыру шарттарын орындау/ орындамау | Облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту жоспарын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тиісті жылдары іске асыруы туралы есеп |
| | Облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту жоспарларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын орындау туралы есеп |
| | Қаржыландыру жоспарын орындау туралы есеп және бағалау нысанасына сәйкес басқа да қаржы құжаттары |
| Бюджеттік инвестициялық жобалар | Қаражаты есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жүргізілетін бюджеттік бағдарламалар |
| | Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруы туралы есеп |
| Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру | Мемлекеттік аудит объектісінің жылдық мемлекеттік сатып алу жоспары |
| Басым бюджеттік инвестициялар тізбесі | Жобаны іске асыру кезеңін, мердігер ұйымдарды, сметалық және шарттық құнын, құрылыс объектілерін енгізуді, ақпараттық жүйені тәжірибелі және өнеркәсіптік пайдалануға енгізуді көрсете отырып, бюджеттік инвестициялар бойынша ақпарат |
| | Инвестициялық жобаларды қоса алғанда басым бюджеттік инвестициялар тізбесі |

Ескертпе:

Осы тізбе толық болып табылмайды. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізу барысында қосымша құжаттар немесе ақпарат сұратылуы мүмкін.

Ішкі аудит қызметтерінің ішкі<br>мемлекеттік аудит және<br>қаржылық бақылау жүргізу<br>қағидаларына<br>1-1-қосымша

Нысан

Ішкі мемлекеттік аудитті<br>жүргізуге жауапты тұлға<br>____________________<br>(лауазымы, тегі, аты, әкесінің<br>аты (ол болған жағдайда),қолы)

**Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпарат**

Ескерту. Қағидалар 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу: ________________

(мемлекеттік аудит объектілерінің атауы, мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала)

2. Аудиторлық іс-шараны ұйымдастыру үшін негіз: ___________________________ _____________________ (құжаттың атауы, күні, нөмірі)

3. Аудиторлық іс-шараның мақсаты, мәні және мәселелері: ____________.

4. Аудиторлық іс-шараны ұйымдастыру үшін маңызы бар мынадай құжаттар зерделенді:

1) ____________________________________________________________

(зерттелген құжаттардың, есептердің және басқа да ақпараттың, оның ішінде мемлекеттік аудит объектісінде "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңның (бұдан әрі – Заң) 21-бабына сәйкес алынған ақпараттың тізбесін көрсету)

2. ____________________________________________________________

(алдыңғы мемлекеттік аудиттің (бақылаудың) және тексерулердің нәтижелері, құқық қорғау органдарының құқық белгілейтін және бастапқы құжаттарды алып қойғанын растайтын құжаттар)

5. Аудит түріне және аудиторлық іс-шара мақсаттарына байланысты мемлекеттік аудит объектісінің қызметі туралы ақпаратты талдау және бағалау негізінде алдын ала зерделеу барысында мынадай көрсеткіштерге бағалау жүргізілді:

1) тәуекелдердің болуы және дәрежесі – ___________________________

(көрсетілген мақсатқа, аудиторлық іс-шараның нысанасы мен мәселесіне сәйкес тексерілетін салада және (немесе) мемлекеттік аудит объектісінің қызметінде бюджет қаражаты мен активтерін қалыптастыру және пайдалану кезінде мемлекеттік органның өз мақсаттарына қол жеткізуіне әсер ететін қандай да бір факторлардың ( іс-қимылдардың немесе оқиғалардың) болуын айқындау және растау)

2) ішкі бақылау жүйесі - ___________________________________________ ( көрсетілген мақсатқа, аудиторлық іс-шараның нысанасы мен мәселесіне сәйкес ішкі бақылау жүйесін және оның заңда көзделген компоненттерін ұйымдастырудың тиімділік дәрежесіне алдын ала талдау және бағалау жүргізу, оның нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесінің қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ету қабілеті айқындалады)

3) мәнділік – ___________________________________________________ ( көрсетілген мақсатқа, аудиторлық іс-шараның нысанасы мен мәселесіне сәйкес мемлекеттік аудит объектісі Қаржы және шаруашылық операцияларды жасаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ оларды іске асыруға қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқудың, сондай-ақ қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателіктердің болуын айқындау, рұқсат етілетін ең жоғары мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына байланысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалады. Маңыздылық және аудиторлық тәуекел көрсеткіштерін есептеу стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады).

6. Үстеме тексеру жүргізу қажеттілігі _______________________________

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы, үстеме тексеру жүргізу қажеттілігінің негіздемесін көрсету)

7. Мамандарды тарту қажеттілігі ___________________________________

(мамандардың қажеттілігінің негіздемесін көрсету)

8. Мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеу және жүргізілген талдау қорытындылары бойынша аудит бағдарламасына қосу:

1) аудиторлық іс-шарамен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердің көлемі: _ __________________________________________________.

(аудиторлық іріктеу қорытындылары бойынша тексерілетін жылдар және бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылатын қаражат пен активтердің көлемін көрсету)

2) мемлекеттік аудиттің көрсеткіштері және көрсеткіштердің әрқайсысына аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатарлас тексерудің) егжей-тегжейлі мәселелері: __ _________________________________________________.

9. Аудиторлық іс-шара барысында мемлекеттік аудиторлар, ассистенттер мен мамандар арасында – мемлекеттік органдар мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары арасында бірлескен және қатар тексерулер жүргізілген жағдайда қамтылуға тиіс мәселелерді бөлу: ____________________.

10. Аудиторлық іс-шараны өткізу мерзімі белгіленсін: ________________.

Мемлекеттік аудит тобының басшысы _____________________________.

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік аудит тобының қатысушылары ___________________.

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Ішкі аудит қызметтерінің ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Бекітемін:
Аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға
____________________
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы)
20___ жылғы ___ ____________

**Ішкі мемлекеттік аудит жүргізу жоспары**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Ішкі мемлекеттік аудит түрі: ____________________________________

2. Аудиторлық (үстеме тексеру) іс-шараны жүргізу мерзімі: ____________

3. Қажетті ресурстар: ____________________________________________

(үстеме тексеру) аудиторлық іс-шараға тартылған ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің саны; мемлекеттік орган мамандары, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың қызметкерлері мен сарапшылары тартылған жағдайда тартылған қызметкерлердің саны мен мемлекеттік органның, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымның атауы көрсетіледі)

4. Ішкі мемлекеттік аудит объектілері және бару бағыты:

| **№** | **Мемлекеттік аудит объектісінің атауы** | **Мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала)** | **Бару бағыты (оның ішінде іссапарға жіберілген жағдайда)** | | **Мемлекеттік аудит тобына қатысушылардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Аудиторлық іс-шаралар мерзімі (бірлескен, қатар тексеру) | Бағыты | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | |
| 2. | | | | | |
| 3. | | | | | |
| … | | | | | |

5. Аудиторлық іс-шаралармен (бірлескен, қатар, үстеме тексерумен) қамтылатын қаражаттар және (немесе) активтердің көлемі: _________________

(жүргізілетін аудиторлық іс-шара (бірлескен, қатар тексерулер) шеңберінде аудиторлық іс-шарамен (үстеме тексерумен) қамтылуға жататын республикалық және ( немесе) жергілікті бюджет қаражаттарының және (немесе) мемлекеттің және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің, байланысты гранттардың, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздардың, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздардың жалпы көлемі көрсетіледі)

Мемлекеттік аудит тобының басшысы (мемлекеттік аудитор)

_______________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы)

Ішкі аудит қызметтерінің ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Бекітемін:
Аудиторлық іс-шараны
жүргізуге жауапты тұлға
______________________
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің
аты (ол болған жағдайда) қолы)
20___ жылғы ___ ____________

**Ішкі мемлекеттік аудит жүргізу бағдарламасы**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. _____________________________________________________________

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы)

2. Аудиторлық іс-шараның мақсаты, нысанасы: ______________________

3. Мемлекеттік ішкі аудитке жататын егжей-тегжейлі сұрақтар тізлімі:

| № | Мемлекеттік аудит көрсеткіштері және әр көрсеткішке аудиторлық іс-шаралардың | Аудиторлық іс-шарамен (үстеме тексерумен) қамтылуға жататын бюджеттік | Қамтылатын кезең ( жыл/жарты жыл/ айлар) | Аудиторлық іс-шарамен (үстеме тексерумен) қамтылуға жататын республикалық және (немесе) жергілікті бюджет |
|---|---|---|---|---|

| | егжей-тегжейлі сұрақтары | бағдарлама (нөмірі және атауы) және ( немесе) активтер | | қаражаттарының және (немесе) активтерінің көлемі (мың теңге)** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |
| ... | | | | |
| | Жиыны: | | | |

4. Аудиторлық іс-шара барысында пайдаланылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және ішкі мемлекеттік аудит органдарының өзге құжаттарының тізбесі:

________________________________________________________________

Мемлекеттік аудит тобының басшысы

________________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Ішкі аудит қызметтерінің
ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Мемлекеттік аудит
тобының басшысы

_________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің
аты (ол болған жағдайда), қолы)
20___ жылғы ___ __________

**Аудиторлық іс-шараны жүргізуге аудиторлық тапсырма**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: ______________________________

(ұйымдастырушылық-құқықтық нысан, мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы көрсетілді)

2. Аудиторлық іс-шараның мерзімі: ___________________________________

(аудиторлық іс-шараны өткізу үшін қажетті жұмыс күндерінің жалпы саны мен аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырмаға сәйкес аудиторлық іс-шара мерзімі көрсетіледі)

| | | Мемлекеттік аудитордың, мемлекеттік | Аудиторлық іс-шараны жүргізу мерзімі (кезеңдері) | | |
|---|---|---|---|---|---|

| № | Аудит тобының қатысушылары арасында бөлінетін аудиторлық іс-шара сұрақтары (аудит бағдарламасынан) | аудитор ассистентінің (тартылған маманның, сарапшының) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы: | аудит бағдарламасының мәселесін қарау басталған күн | аудит бағдарламасының мәселесін қарау аяқталатын күн | Аудит бағдарламасы мәселесін қарау үшін жұмыс күндерінің қорытынды саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | | | | | |
| | | 1) | | | |
| | | 2) | | | |
| ... | | | | | |

Мемлекеттік аудит тобының мүшелері (мемлекеттік аудитор (-лар), мемлекеттік аудитордың ассистенті (-тері), тиісті бейін бойынша тартылған сарапшылар)

______________________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Ішкі аудит қызметтерінің
ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

**Аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге тапсырма (Тексеруді тағайындау туралы акт)**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 __ жылғы "___" ________ № __

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 18 бабына сәйкес

______________________________________________________________________

(аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізу тапсырылғанмемлекеттік аудит тобының басшысы көрсетілген ішкі аудит қызметі қызметкер(лер)інің тегі, аты және әкесінің атын (ол болған жағдайда), лауазымын көрсету

______________________________________________________________________

(аудит объектісінің ұйымдық-құқықтық нысаны, толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі)

__________________________________________ мәселелері бойынша аудиторлық іс-шара (аудиторлық іс-шараның (тексерудің) нысанасы) (тексеру) жүргізу тапсырылады.

Мемлекеттік аудиттің түрі ____________________________________

Тексеру түрі _______________________________________________

Аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылатын кезең _____________

Аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізу кезеңі: _____ бастап ____ қоса алғанда

Аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға:

_________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

Аудиторлық іс-шараны жүргізу үшін құқықтық негіздемелер (үстеме тексеріс):

_________________________________________________________

(тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі, орталық мемлекеттік органның бірінші басшысының, облыстың, республикалық маңызы бар қала, Астана әкімінің тапсырмасы, аудитор іс-шарасын тағайындау үшін негіз болған құжаттың нөмірі, күні)

Орталық мемлекеттік органның бірінші басшысы/облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі ______________________________________

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Алды ____________________________________________________

(мемлекеттік аудит объектісі басшысының немесе оның міндетін атқаратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

20___ жылғы "____" ___________

(алу күнін көрсету)

Ескертпе:

*Тапсырманың екінші жағында Заңның 37-бабына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің құқықтары мен міндеттері көрсетіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ішкі аудит қызметтерінің
ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

________________
(күні, айы, жылы)
Мемлекеттік аудит объектісінің
басшысы

________________________
(тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда)

**Мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы бойынша талап**

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.09.2025 № 504 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 21 және 37-баптарына (бұдан әрі – Заң) сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің басшысы:

1) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының қызметкерлерін ________ ______________ дейінгі мерзімде аудитті жүргізу үшін қажетті (күні көрсетілсін) барлық сұратылған ақпаратпен:

________________________________________________________________

(басшының немесе бас бухгалтердің қолы қойылған қажетті құжаттар мен ақпараттізбесі көрсетілсін)

________________________________________________ қамтамасыз етуге;

2) сұратқан деректердің уақтылығын, дәйектілігін, объективтілігін және толықтығын қамтамасыз етуге;

3) егер Заңда не Қазақстан Республикасының өзге заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу кезеңінде тексерілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге;

4) ақпараттық жүйелерге, оның ішінде ЭҚАБЖ-ға қол жетімділігін қамтамасыз етуге;

5) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының мемлекеттік аудиторларының әрекетіне араласпауға және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылауды жүргізуге кедергі жасамауға міндетті.

2. Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының лауазымды тұлғаларына өз құзыреттеріне сәйкес өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына қажетті құжаттарды, материалдарды және өзге де мәліметтерді, мемлекеттік аудит объектісінің қызметі туралы ақпаратты беруден бас тарту, мемлекеттік аудит жүргізуге жіберуден немесе оларды жүзеге асыруға өзге де кедергілер келтіру не анық емес ақпарат беру "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі /мемлекеттік аудитор

________________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Алдым ___________________________________________________________

(бастауымен аудиторлық іс-шара жүзеге асырылған мемлекеттік аудит объектісі басшысының немесе лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

20__ жыл "____"___________

(алған күнді көрсетіңіз)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ішкі аудит қызметтерінің ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына 7-қосымша

**№____ сәйкестік аудиті бойынша аудиторлық есеп**

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 08.12.2025 № 755 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_______________

(жасалған орны)

20 __ жылғы "___" ________

(аудиторлық есептің күні)

1. Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің атауы:

_____________________________________________________________________

(ішкі мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы, мемлекеттік тіркеу туралы деректер, банктік және салық деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

2. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге тапсырма:

_____________________________________________________________________

(тапсырма күні мен нөмірі, ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырмаға қол қойған
лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

3. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізген:

_____________________________________________________________________

(ішкі мемлекеттік аудит жүргізген ішкі мемлекеттік аудит органы қызметкерінің
(қызметкерлерінің), мемлекеттік орган маманының (мамандарының), ішкі мемлекеттік
аудит жүргізуге тартылған қызметкердің (қызметкерлердің) тегі, аты, әкесінің аты ( ол
болған жағдайда)

4. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, нысанасы:

_____________________________________________________________________

(аудит бағдарламасына сәйкес ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты мен нысанасы)

5. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:

______________________________________________________________________

(мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тексерілген кезеңі

6. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімі: __________бастап ________ дейін

(мемлекеттік аудит объектісінде ішкі мемлекеттік аудит жүргізудің басталған және аяқталған күні)

7. Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды тұлғалары:

______________________________________________________________________

(мемлекеттік аудит объектісі басшысының немесе мемлекеттік аудит объектісі лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), сондай-ақ ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы бар мемлекеттік аудит объектісі лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

8. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің (бақылаудың) және тексерістің нәтижелері туралы мәліметтер:

______________________________________________________________________

(тек ішкі мемлекеттік аудит органы жүргізген мемлекеттік аудит нысанасымен сәйкес келетін бұрын басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, құқық қорғау органдары және басқа бақылау және қадағалау органдары қамтыған мәселелер бойынша қысқаша мәліметтер, мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар)

9. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер (бұл бөлімде мемлекеттік аудит мақсатына қол жеткізілгендігін растау үшін жеткілікті жүргізілген ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі):

1. Аудит бағдарламасы сұрағының нөмірі мен атауы:

Аудит бағдарламасының сұрағына жауап ___________________________.

2. Аудит бағдарламасы сұрағының нөмірі мен атауы:

Аудит бағдарламасының сұрағына жауап ___________________________

және аудит бағдарламасында көзделген сұрақтардың кезектілігіне сәйкес тағы сол сияқты

10. Аудит мемлекеттік аудит саласында немесе аудит объектісінің қызметінде анықталған нәтижелердің мемлекеттік аудит көрсеткіштеріне сәйкестігі тұрғысынан бағалау жүргізуді қамтиды.

11. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудегі кедергілер:

______________________________________________________________________

(ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды тұлғаларының ішкі мемлекеттік аудит органы қызметкерлерінің ішкі мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі жасау фактілері туралы мәліметтер көрсетіледі (кедергі жасау түрін көрсетіңіз: қажетті

құжаттарды, материалдар мен өзге де мәліметтерді, және мемлекеттік аудит объектісінің қызметі туралы ақпаратты беруден бас тарту, мемлекеттік аудит жүргізу үшін рұқсат беруден бас тарту немесе оны жүзеге асыруға өзгеше кедергі жасау, дұрыс емес ақпарат беру.

Ішкі мемлекеттік аудит органының қызметкері ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі жасауда көрінген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасаған жағдайда аудиторлық есепте оның нөмірі мен күні көрсетіледі.

12. Ішкі мемлекеттік аудит барысында қолданылған шаралар:

______________________________________________________________________

(Ішкі мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша мемлекеттік аудит объектісі қолданған шаралар туралы мәліметтер көрсетіледі (айыппұлдарды, өсімпұлдарды қоса есептеу, негізсіз және (немесе) мақсатсыз пайдаланылған қаражатты бюджетке өтеу, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік бойынша қаражатты қалпына келтіру, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушілердің шарттық міндеттемелерді орындауы, ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды тұлғаларына қолданылған тәртіптік жазалау шаралары және басқалар).

13. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы 6-1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік аудит объектісі басшысы мүдделерін мемлекеттік аудиттің аудиторлық іс-шаралары қозғаған кәсіпкерлік субъектілерінің және өзге де тұлғалардың анықталған қаржылық бұзушылықтары туралы хабарлайды.

Аудиторлық есеп екі (үш) данада жасалды (қажетінің астын сызыңыз).

Қосымша: ______ парақта: (Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, тікелей ішкі мемлекеттік аудит объектісінде жинақталған, сондай-ақ басқа да дәйекті көздерден алынған құжаттар көрсетілсін)

Ішкі мемлекеттік аудит тобы/мемлекеттік аудитор:

______________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

______________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

______________________________________________________________

Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің басшысы:

______________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Аудиторлық есепті танысуға алған күн:

20__ жыл "____"___________

_____________________________________________________________

(Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің басшысы (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Қарсылықтардың бар екені туралы белгі:

Аудиторлық іс-шара нәтижелерімен келіспеген кезде аудиторлық есептің соңғы бетіне мемлекеттік аудит объектісінің басшысы қарсылықтардың бар екені туралы жазба жасайды.

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме:

Аудиторлық есептің жоғары бөлігінде оның жасалған орны (елдің мекеннің атауы, аудиторлық есептің күні (жұмыс уақытында, жұмыс күні Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудің аяқталған күні), аудиторлық есептің нөмірі көрсетіледі.

Қажет болған кезде аудиторлық есепте тексерілетін мәселелер бойынша ақпарат жалпылама түрде көрсетіледі, егжей-тегжейлі ақпарат аудиторлық есепке қосымшаларда жазылады.

Жүргізілетін ішкі мемлекеттік аудиттің түріне, мақсатына және нысанасына байланысты ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын қызметкерлер аудиторлық есепке қосымшалар ретінде ресімделетін талдамалы кестелерді жасайды.

Аудиторлық есете көрсетілген қосымшаларға сілтеме жасалады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ішкі аудит қызметтерінің ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына 7-1-қосымша
Нысан

**№____ тиімділік аудиті бойынша аудиторлық есеп**

Ескерту. Қағидалар 7-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 08.12.2025 № 755 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

____________________
(жасалған орны)
20 __ жылғы "___" ________
(аудиторлық есептің күні)

1. Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің атауы:

______________________________________________________________

(ішкі мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы, мемлекеттік тіркеу туралы деректер, банктік және салық деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

2. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге тапсырма:

__________________________________________________________________________

(тапсырма күні мен нөмірі, ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырмаға қол қойған

лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

3. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізген:

__________________________________________________________________________

(ішкі мемлекеттік аудит жүргізген ішкі мемлекеттік аудит органы қызметкерінің ( қызметкерлерінің), мемлекеттік орган маманының (мамандарының), ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге тартылған қызметкердің (қызметкерлердің) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

4. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, нысанасы:

